



Ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұтқырлы ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұялайды.

Әбу Насыр әл-Фараби



БІЛІМ ОРДАСЫ ҮЗДІК ОНДЫҚ ҚАТАРЫНДА

Бүгінгі таңда рейтинг кеңінен танымал болып келеді, әлемнің 50-ден аса мемлекетінде түрлі ұйымдар өздерінің ұлттық рейтингілерін жариялауда. Ол жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін және білім беру жүйесінің сапа көрсеткішін айғақтайды.

Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі қазақстандық тәуелсіз агенттік (БСҚА) соңғы бірнеше жыл бойы барлық мүдделі тараптарға, оның ішінде талапкерлер назарына да ақпаратты жеткізу мақсатында, органдардың ресми ақпаратын, жоғары оқу орындарынан алынған деректерді пайдалана отырып, жоғары оқу орындары қызметінің түрлі аспектілерін зерделеу бойынша зерттеу жұмысын жүргізіп келеді.

Бүгінгі күнде Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттік Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарының жаңа РЕЙТИНГ – 2011-ді ұсынып отыр, ол академиялық көрсеткіштер, сарапшылардың бағасы және жұмыс берушілер арасында жүргізілген сұрау нәтижелерін талдау негізінде құрылған.

Білім сапасын қамтамасыз ету бойынша Тәуелсіз Қазақстан агенттігінің 2011 жылғы қорытындысында жоғары оқу орындарының рейтингісі төмендегіше түзіліпті:

Бас рейтингті есептеу әдістемесі үш құрамдас негізге сүйенеді: 1) бұл жоғары оқу орындарының академиялық ресурстары сапасының бағасы, ол 60 пайыз; 2) жоғары оқу орындарының қызметінің сапасын сараптамалық бағалау – 10 пайыз; 3) жұмыс берушілер мен мемлекеттік мекемелерде жүргізілген әлеуметтік сауалнама – 30 пайыз.

Рейтинг нәтижесімен толығырақ www.nkaoko.kz/rating сайтынан танысуға болады.

Қазақстанның көпсалалы үздік жоғары оқу орындарының бас рейтингі - 2011:

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
2. М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
3. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
4. Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
5. С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
6. С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
7. Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
7. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті
9. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
9. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
9. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
9. Инновациялық Еуразия университеті
13. Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технология және инжиниринг университеті (Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті)
13. А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
13. І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
16. Халықаралық білім корпорациясы (Қазақ-Америка университеті)
17. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
18. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
19. А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

Мәлімет «Егемен Қазақстан» газетінен алынды.

№ 301-302, 16 шілде 2011ж.



Білім ордамыздың жаңа басшысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұловтың бұйрығымен өңіріміздегі киелі шаңырағымыз – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры лауазымына Иманғалиев Асхат Сәлімұлы үстіміздегі жылдың 27 шілдесінде тағайындалды.

Ағымдағы жылдың 28 шілде күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесінде жаңа басшыны таныстыру рәсімі болып өтті.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің делегаттары білім ордасының жаңа басшысы Иманғалиев Асхат Сәлімұлын профессор-оқытушы қауымға таныстырды. Кеш барысында жаңа басшымен танысқан университет ұстаздары ізгі тілектерін білдірді.



Иманғалиев Асхат Сәлімұлы – ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик.

1953 жылы 21 тамызда Гурьев қаласында дүниеге келген. 1975 жылы Гурьев педагогикалық институтының тарих факультетін тәмамдаған. Алғашқы еңбек жолын

1975 жылы Гурьев теміржол қатынасы техникумының тарих пәнінің оқытушысы болып бастаған.

Жоғары мектептегі ғылыми-педагогикалық қызметі 1979 жылы Гурьев педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасының оқытушысы лауазымымен басталды.

1982 жылы ол Алматы қаласының Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдарының ФЗИ аспирантурасына жіберілді. 1985 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, Гурьев педагогикалық институтының аға оқытушысы ретінде қызметін жалғастырады.

1987 және 1989 жылдары Гурьев педагогикалық институтының мектепке дейінгі оқу және тәрбие факультетінің, тарих-филология факультетінің деканы болып қызмет жасады.

1989-2000 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, 2000 жылдан бастап осы университеттің ректоры болып тағайындалды.

1997 жылы А.С.Иманғалиев профессор ғылыми атағын алады. 1999 жылы педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертациялық еңбегін қорғайды. 2008-2009 жылдары Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті ректорының кеңесшісі.

2009 жылдың наурыз айында «Каспий өңірі Академиясы» Қоғамдық Бірлестігінің төрағасы болып сайланады.

А.С. Иманғалиев Әлеуметтік ғылым академиясының мүшесі (2000 ж.), «Қазақ білім академиясының» академигі, (2006 ж.). Ол 100-ден аса ғылыми жарияланымдардың, оның ішінде 3 монография мен 2 оқулықтың авторы.

Асхат Сәлімұлы – белсенді қоғам қайраткері. 1999 жылдан 2004 жылға дейін Атырау қалалық мәслихатының депутаты болып, кейін Атырау облыстық мәслихатының депутаты, «Нұр Отан» партиясының Атырау облыстық Саяси Кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2005 жылы Қазақстан Республикасы Президенті сайлауында «Отан» партиясы жанындағы Атырау облыстық қоғамдық штабының төрағасы, 2007 жылы Қазақстан Республикасы Мәжілісінің сайлауында «Нұр Отан» партиясы жанындағы Атырау облыстық қоғамдық штабының төрағасы болды.

А.С.Иманғалиев 2005 жылы Қазақстан Республикасының білімі мен ғылымын нығайту жолындағы сүбелі еңбегі үшін «Парасат» орденімен марапатталған.

Сондай-ақ А.С.Иманғалиев келесідей:

«Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі» (1998 ж.), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2003 ж.), «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудағы үлесі үшін» (2007 ж.), «Каспий өңірі ЖОО Ассоциациясына 10 жыл» (2006 ж.) төсбелгілерімен және Ы.Алтынсарин атындағы (1991 ж.), А.Байтұрсынов атындағы (2003 ж.) медальдарымен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001 ж.), «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» (2005 ж.) мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

Биылғы оқуға қабылдау жұмысы сәтті аяқталды

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қабылдау комиссиясы биыл да өз жұмысын ойдағыдай аяқтап отыр. Қабылдау комиссиясының мүшелері де талапкерлермен өз жұмыстарын жауапты атқарды.

Биыл мемлекет тарапынан бөлінген гранттар саны өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда әлдеқайда көп. Гранттардың көпшілігі педагогика, техника, медицина салаларының еншісінде. Сонымен қатар, биылғы жылдың басты ерекшелігі жекеменшік оқу орындарына берілген гранттар саны бірнеше есеге азайған. Конкурс нәтижесінде 69 «Алтын белгі» иегерлерінің ешбір оқу орнына грант ұтып ала алмағандықтары анықталды. Назарбаев университетіне талапкерлер қабылдау емтихандарының 2010 жылдың аяғында өткені белгілі болғанмен, олардың нәтижесі білім беру гранттарының ортақ конкурсынан кейін шыққандығы себепті жүздеген студенттер бірден екі грант ұтып алғандықтары мәлім болды. Бұл жайсыз оқиғаны биылғы жылдың басты кемшілігі десек те болады.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті 2011-2012 оқу жылына 246 оқу грант ұтып алды, бұл көрсеткіш 2010-2011 оқу жылымен салыстырғанда 29-ға көбейген. Биылғы жылы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – 3 мыңнан астам және де әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 3 мың оқу грантына ие болып, сұранысқа сай жоғары сапалы білім беретін университет екендіктерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

2011-2012 оқу жылына қабылданған студенттердің саны артуы – университетіміздің жылдан-жылға сұранысқа ие болуы, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда озық нәтиже көрсетуінің басты белгісі және де профессор-оқытушылар құрамының сапалы еңбегінің арқасы деп білеміз. Бүгінгі таңда университетке гранттар саны мен ақылы негізде өтініш тапсырғандар саны 1600-ге жуық болып отыр.

Асқар АМАНБАЕВ,
Қабылдау комиссиясының төрағасы

Мемлекеттік тапсырыстың барлығы игерілді

М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистратурасына 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап 30 шілде аралығында құжаттар қабылданды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті 2011-2012 оқу жылында магистратураның 24 мамандығы бойынша құжаттарды қабылдады. Университет магистратура және докторантураға қабылдауды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі №161 бұйрығымен бекітілген, 2010 жылғы 9 тамызындағы №365 және 2011 жылғы 30 мамырдағы № 224 бұйрықтармен өзгертулер және толықтырулар енгізілген

«Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі ережесін» басшылыққа алды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 шілдедегі «2011-2012 оқу жылына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын ҚР жоғары оқу орындарына орналастыру туралы» № 290 бұйрығына сәйкес М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің магистратурасына барлығы 71 орын бөлінді, оның ішінде 41 орын – ғылыми-педагогикалық бағытына (1 мақсаттық орынмен қоса алғанда), 30 орын – бейіндік бағытына.

Базалық жоғары оқу орнына шетел

тілінен емтихан тапсыру үшін барлығы 711 өтініш қабылданды, оның ішінде М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға 255 өтініш берілді. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-нің магистратурасына тапсырған 255 үміткерлерден 246 адам тестілеуге қатысты. Мамандық бойынша емтиханға барлығы 206 үміткер жіберілді. 173 үміткер мамандық бойынша емтихан тапсырды. Мемлекеттік тапсырыс негізіндегі 71 орынның барлығы игерілді. Сонымен қатар ақылы негізде магистратурада білім алу үшін 18 үміткердің өтініштері қабылданды.

Шынар ТӨЛЕГЕНОВА,
ЖОО-нан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі

«Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастыруымен биыл да өз жалғасын тапқан студенттік құрылыс және «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары аймақтың тыныс-тіршілігіне өзіндік үлесін қосып отырған үлкен күш боп табылды. Жазғы уақыттарын дұрыс ұйымдастыра білуді мақсат тұтқан жастар қауымы тамылжыған жаз айларында «Жасыл ел» мен құрылыс еңбек жасағында бастарын біріктірді. Жастардың бос уақытын тиімді өткізу, елімізді жасылдандыру, тазалық сақтау, сондай-ақ еңбекке баулу мақсатында ұйымдастырылған жазғы еңбек жұмысына 1000-нан астам жастар қамтылған. Соның ішінде 193 студент біздің М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен қатысып отыр.

Студенттік жазғы еңбек демалысында

«Жасыл ел» жасағының оралдық сарбаздары елді көгалдандыруда тындырымды жұмыстар атқарған. Олар жазғы демалыстарын көңілді ғана өткізіп қоймай, отбасыларына қаржылай қолдау көрсетуге ниетті. Биыл «Жасылелдіктер» мен құрылыс сарбаздарының бір айлық жалақысы 32 мың теңгеге жеткен. Біздің 102 «жасылелдік» сарбаз Орал қаласының және кейбір аудандық жерлердің көшелерін тазалап, көгалдандыруға, орман шаруашылығы аумағының қоқысын тазартып, өрттің алдын алу мақсатында бұталарды кесуге жұмылдырылған.

«Барыс», «Арлан», «Жаңа күш», «Семсер», «Жігер» және «Жас Отан» атты студенттік құрылыс жасақтары да өңіріміздің «Арион», «Отделстрой», «АЖАСстрой», «Металлизделия» сынды ЖШС құрылыс мекемелерімен қаламызда салынып жатқан көп қабатты тұрғын үйлер мен ҚР Президенттік интеллектуалдық мектебін салудағы жұмыстарына атсалысты.

«Мен бұл жазғы құрылыс жасағына алғашқы рет қатысуым. 15 ер бала қатысқан команданың атын «Семсер» деп атадық. «Отделстрой» ЖШС басшылығымен тастарды жинастыру, оны тиеу, құрылысқа қажетті заттарды көшіру сынды жұмыстарды атқардық. Шілденің



2 мен 31 аралығында бір ай көлеміндегі еңбегіміздің жалақысын алдық. Жұмыс берушілер жағынан да, студенттер тарапынан да ешқандай келенсіз жағдайлар болған жоқ. Бәріміз бірге жұмыс жасадық, жаңа достар таптық. Уақытты пайдалы өткіздік», - дейді химия мамандығының 2 курс студенті, жасақ командирі Еслямов Қуаныш.

Сондай-ақ облысымыздағы орын алған су апатынан зардап шеккен аумақтарды қалпына келтіру жұмыстарына студенттік құрылыс жасақтарының сарбаздары да өз үлестерін тигізген. Жазғы еңбек маусымына қатысқан біздің сарбаздар істерін тиянақты атқарды.

Ал жұмысына білек сыбана кіріскендердің еңбегі елеусіз қалмақ емес. Жыл сайын «Жасыл ел» мен құрылыс жасағының белсенділеріне құрмет грамоталары мен құнды сыйлықтар табыс етіледі. Биыл да жұмыста белсенділік танытқан жастар маусымның салтанатты жабылу шарасында лайықты марапатқа ие болмақ.

Өз тілшіміз.

Тірегіміз - АТА ЗАҢ

Ел болып, егемендік алдық, еңсемізді көтердік, туымызды желбіреттік, тұғыры мықты Ата Заңымызды қабылдадық. Мұның өзі тәуелсіздіктің арқасы. Бүгінде Ата Заңымызға 16 жыл толып отыр. Егемендіктің ертеңі болып атқан Ата Заңымыз – табандылықтың, қырағылықтың тапжылмас қайнар бастауы.

Өрине, бұған біз Тәуелсіздіктің, Ата Заңымыздың арқасында қол жеткіздік деп айта аламыз. Бұл екеуі – Тәуелсіз мемлекет деп аталатын алып ғимараттың алтыннан соғылған қос діңгегі іспетті. Адамзат қоғамы тарихында өзіндік орны бар қай мемлекеттің болсын дербес мемлекеттігінің ең басты айғағы ретіндегі төл құжаты – Негізгі Заңы.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – кең байтақ еліміздің, езгіден еңсесі басылып, еркіндікті аңсаған халқымыздың қайырылған қанатын жазған, болашағын көлегейлеген күңгірт пердені серпіп тастап, алдын жарқыратып, арманын ұзартқан шын мәніндегі Алтын Заң. Сондықтан да бұл Заңды қастерлей қолға алып, оның әрбір та-рауына, бабына көңіл қоя үңіліп, үлкен-кішіміздің, әрқайсымыздың күнделікті тіршілігіміздегі, адамдар-мен қарым-қатынасымыздағы, қоғамдағы орнымыз-ды айқындаудағы, туған Отанымыз – Қазақстанның өркендеуіне қосатын, өзіміздің де өсіп-көркейетін жолымызды табудағы басты ережеге атсалысу – баршаға ортақ парыз, азаматтық міндет.

1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық рефе-рендумда қабылданған Егемен еліміздің Негізгі Заңы – Ата Заң мемлекеттік құрылымды белгілеп, өзін демократиялық негіздегі зайырлы, құқықтық және әлеуметтік тұрғыда дамыған ел ретінде қалыптастырып, ең басты құндылығы адам және адам өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары екенін атап көрсетті.

Осыған дәлел, Ата Заңымыздың 17-бабында «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды», деп атап көрсетілген. Жалпы, Ата Заң ережелерінің басым бөлігінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары ерекшеленген, сондай-ақ қадір-қасиет пен ар-ождан басты назарда деуге болады.

Қазіргі таңда, қоғам Ата Заңымызды жүзеге асыру аясында ілгері стратегиялық бағдарламалар арқылы негізгі алдыңғы мақсаттарын айқындады. Нәтижесінде нарықтық қатынастарға қадам басқан алғашқы жылдарда кездескен түрлі деңгейдегі қиындықтардың барлығы артта қалып, халықтың тұрмыс деңгейі жақсарды, республикадағы экономиялық-әлеуметтік дамуымыз нығайды, қоғамдық сана жоғарылады.

Елімізді жаңа жетістіктерге жетелеп, оны жан-жақты жетілдіріп, өркендеу сатысына шығарған негізгі Ата Заңымыз осы жолдағы мақсат-мүдделердің бағдарлаушысы болумен қатар мемлекеттің құқықтық тұғырына, тірегіне айналды.

«Елу жылда – ел жаңа» дегендей, Қазақстан дербес, егеменді ел болып танылып, дүниежүзілік аренаға шығып, үлкен беделге ие болғандығын мақтан тұтамыз. Шет мемлекеттер өздерінің елшіліктерінен ашып, Қазақстан Республикасының елшіліктері мен өкілдіктері де шет мемлекеттерде ашылып, қызмет жасауда.

2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-да басшылық жасауы, біздің еліміздің әлемдік аренада үлкен беделге ие болғанын және осы мақсатта Қазақстан тарапынан жүргізіп жатқан іс-шаралар алпауыт мемлекеттер – АҚШ, Ресей, тағы басқа еуропа мемлекеттерінің қолдау көрсетуі біздің Тәуелсіз елімізді дүние жүзіне өзін құқықтық мемлекет ретінде жоғары дәрежеде таныта білудің толық дәлелі. Осы жоғары деңгейге көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен егемендіктің, Негізгі Заңымыздың аясында қол жеткіздік деп мақтанышпен айта аламыз.

Егемен еліміздің тең құқықтық мәселелерін қамтып қана қоймай, жалпы қоғам дамуындағы айтарлықтай өркениетті шаралардың арқауы болған Ата Заң қоғамымыздағы барлық жетістіктердің қайнар көзі екені айғақ. Демократиялық принцип-терге сүйене отырып, жарқын болашаққа жол ашқан, еңселі еліміздің ішкі-сыртқы саясатының бағдарын анықтап, халықтың әлеуметтік мәселелерін шешудегі қарқынды қадамдардың батыл жасалуы көп ұлтты Қазақстан халқының тұтастығы мен бірлігін сақтауға жетелеген Ұлы Заңымыздың әлеуетінің арқасында ойдағыдай іске асырылды.

Негізгі Заңымыз әлі де талай жылдардың жүгін көтеріп, талай жылдарға куә болып, озық ұстанымдарын жан-жақты дамытып, ертеңгі көкжиегі одан әрі кеңейе беретініне сеніміміз мол.

Дана ҚАБЫЛ

Международные связи

В мае 2011 года руководителем отдела менеджмента качества, доцентом Утегеновой К.Т. была осуществлена предварительная договоренность о подписании двух важных документов – **Соглашении о сотрудничестве в области высшего, послевузовского образования и науки** между ЗКГУ им. М. Утемисова и Казанским (Приволжским) федеральным университетом и **Соглашении о создании научно-исследовательского консорциума по проведению фундаментальных и прикладных исследований по теме «Духовное на-следие тюркоязычных народов»** между ЗКГУ им. М. Утемисова и Казанским (Приволжским) федеральным университетом и Институтом языка, литературы и искусства им. Г.Ибрагимова Академии Наук РТ.

Предварительная беседа о подписании Соглашений с директором ИЯЛИ им. Г.Ибрагимова Академии Наук РТ Минуллиным К.М., зам. начальника департамента по международным связям КФУ Вершининой О.А. и деканом татфака КФУ доктором филологических наук, профессором Юсуповой А.Ш. встретила поддержку. За истекший с мая период, по мере изучения документов, казанцами было сделано несколько встречных предложений. На сегодняшний день документы готовы к подписанию с обеих сторон.

Екі ел арасындағы ынтымақтастық

Жаңа 2011-2012 оқу жылынан бастап М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде бір семестр мерзімінде Қалмақ мемлекеттік университетінің 3 курс студенттері білім алатын болады. Біздің оқу орнымен халықаралық ынтымақтастық келісімі негізінде Қалмақ мемлекеттік университетінің 6 студенті бізге келсе, біздің М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Амбыкаева Юлия Аликовна (физика, 3 курс), Шакирова Герел Евгеньевна (физика, 3 курс), Костикова Валерия Владимировна (химия, 3 курс), Лиджиев Максим Михайлович (химия, 3 курс), Ностаева Татьяна Николаевна (химия, 3 курс), Тавунова Татьяна Александровна (химия, 3 курс) сынды 6 студенті осы Қалмақ мемлекеттік университетінде оқитын болады.

АҚШ ғалымы Риджарс Шолтпен кездесті

Ағымдағы жылдың 8 тамыз күні М.Өтемісов атындағы БҚМУ жаратылыстану-математика факультетінде АҚШ (Айова штаты) phd докторы Риджарс Шолтпен кездесу өтті. Кездесу барысында ғалымдар экология, биология және географияның әлемдік проблемалары мен оларды шешу жолдарын талқылады. Кездесуге факультеттің ғалымдарынан Т.Е.Дарбаева, Д.К.Мендалиева, М.М.Фартушина, В.И.Амельченко, Г.С.Кайсағалиева, З.Х.Кунашева, А.Б.Медешова және Гумилев атындағы Еуразия университетінің докторанты Н.Рамазанова және магистрлар қатысты.

Америка мен Қазақстандағы биологиялық, экологиялық ортаның географиялық ендікке сәйкес ұқсастықтары мен айырмашылықтары, бүгінгі дүние жүзінде туып отырған проблемалар мен оларды шешудің нақты мүмкіндіктерін зерттеуге көңіл аударылды. Ақпараттық технологияның көмегімен ғалымдар өз сөздерін нақты зерттеу нәтижелерін, фотосуреттерін демонстрациялап дәлелдеді. Кездесу Жайық өзені маңына саяхатқа, далалық зерттеуге ұласты.

Колледжге талапкерлер саны артты

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы колледжінің қабылдау ко-миссиясы ағымдағы жылдың 14 маусымынан бастап 20 тамызына дейін жұмыс жасады. М.Өтемісов атындағы БҚМУ колледжіне 2011 жылғы талапкерлерді қабылдауға Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасынан 100 мемлекеттік тапсырысқа орын бөлінген еді. Оның ішінде: 9 сынып негізінде математика мамандығы бой-ынша - 20 орын; 11 сынып негізінде – «Ақпараттық жүйелер (қолдану саласы бойынша)» мамандығына - 40 орын (қазақ және орыс тобына), математика мамандығы бойынша - 20 орын, физика мамандығы бойынша – 20 орын.

Колледжге жалпы саны 296 құжат қабылданған. Мемлекеттік тапсырыспен қатар, ақылы негізде де құжаттар тапсырылды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті колледжіне қабылдауда ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурызындағы №296 қаулысымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі және жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға квота арқылы қабылдауды белгілеу туралы» бұйрығына сәйкес орта кәсіптік білім мамандарын дайындаудың мемлекеттік білім беру тапсырысына квота беріледі.

Екі ай бойы жүргізілген колледждің қабылдау жұмысына колледждің оқытушылары өз жұмыстарын жауапкершілікпен атқарды.

Первый конкурс в магистратуру по физике

Об уровне научно-технического развития госу-дарства, его перспективах говорят, не в последнюю очередь, отношение к физике, стремление и наличие условий к ее изучению. В 2011 году впервые нашему университету выделено 5 государственных обра-зовательных грантов по специальности «Физика». Магистратура по физике на кафедре физики, мате-матики и информатики была. В этом году успешно закончила магистратуру и защитила магистерскую диссертацию учитель физики и информатики школы-лицея №35 Латанова М.С., но обучение велось на коммерческой основе. Выделение дорогостоящих грантов подтверждает возрастание роли физического образования в нашем государстве.

На 5 грантов претендовало 13 абитуриентов. Среди них были преподаватели вузов, учителя СОШ, выпускники нашего университета.

Как член приемной комиссии, я волновалась за результаты экзамена не менее, а может быть и более претендентов. С какими знаниями они придут? Трудно ли будет делать отбор лучших? Итог экзамена принес удовлетворение, хотя вопросы и размышления долго еще не дадут покоя.

Глубокие знания классической и современной физики, фундаментальных теорий и решающих экс-периментов показали представители ЗКГУ имени М.Утемисова: выпускница 2011 года стипендиат

Президентской стипендии Фризена Н.И., старший преподаватель Искалиева А.У. и преподаватель Кажмуханова Г.Ш. Думаю, что все претенденты, кто слышал их ответы, понимают, почему они оценены высшим баллом.

Беспокойство вызывают ответы претендентов, не попавших в пятерку избранных. Из них только выпускница 2011 года Штыркина Г.В. была достойна гранта, если бы был шестой. Остальным надо много работать над предметом, чтобы в будущем стать достойными гранта и степени магистра. Степень ма-гистра физики должны получить самые достойные. Поступившим в магистратуру предстоит тяжелый труд. Профессорско-преподавательским составом нашей кафедры разработаны различные курсы по вопросам физики и астрономии, применению классических и современных образовательных технологий в обуче-нии физики и астрономии в вузе и СОШ. Разработаны темы диссертаций, которые могут быть предложены магистрам. Обучение будет вестись с учетом их инди-видуальных запросов.

Успешно и достойно прошедших первый конкурс в магистратуру по физике поздравляю с преодолением очередной ступени в образовании. Желаю успехов в обучении и работе.

А.Е. КУЗЬМИЧЕВА,
кандидат физико-математических наук,
профессор



Р
К
Є
Н

№ 9-10 (867) шілде-Тамыз 2011 жыл

3



В истории развития науки Республики Казахстан Ахмеджанов Хаким Ахмеджанович оставил свой яркий след как ведущий гидрометеоролог республики, возглавлявший с 1967 по 1976 годы Казахский научно-исследовательский гидрометеорологический институт (КазНИИГМИ), который был основан в 1950 году. В настоящее время этот институт называется «Республиканское государственное предприятие «Казахский научно-исследовательский институт экологии и климата» Министерства охраны окружающей среды РК».

СЛАВНЫЙ ЮБИЛЕЙ НАШЕГО ВЫПУСКНИКА

(к 90-летию Ахмеджанова Хакима Ахмеджановича)

Ахмеджанов Хаким Ахмеджанович родился 5 августа 1921 г. в селе Новобогатинское Баксайского района Гурьевской области Казахской ССР в семье крестьянина. В 1934 г. окончил пять классов Новобогатинской школы рабоче-крестьянской молодёжи и поступил в Гурьевское педагогическое училище.

В 1938 г. по направлению поступил на физико-математический факультет Уральского педагогического института им. А.С.Пушкина. В августе 1941 года студент IV курса нашего института Ахмеджанов Хаким был призван в армию и направлен в Высший военный гидрометеорологический институт Красной армии в городе Москве, который окончил в 1944 г., получив диплом военного инженера-метеоролога. Во время войны служил старшим метеорологом при командном пункте ВВС Краснознамённого Балтийского флота, метеобюро 11-й штурмовой авиационной дважды Краснознамённой Новороссийской дивизии ВВС КБФ. За гидрометеорологическое обеспечение бомбово-штурмовых ударов авиации Выборгской, Нарвской, Таллинской, Эзельской, Мемельской, Кёнигсбергской и Пилавской операциях, позволивших командованию дивизии принять решение по производству ударов на предельном радиусе действия штурмовиков, Ахмеджанов Хаким Ахмеджанович награждён орденом «Красная звезда». Имеет три боевые медали: «За взятие Кёнигсберга», «За победу над Германией», «30 лет Советской Армии и Флота». После войны оставался служить начальником метеостанции 15 отдельной авиационной технической роты ВВС, инженером-метеорологом метеорологической службы штаба военно-воздушных сил 8 Военно-Морского флота (бывший Северный Балтийский флот).

В 1948 г. вернулся к мирной трудовой деятельности, работая завучем и учителем физики и математики в СШ им. Амангельды села Новобогатинск.

В 1950 г. окончил свой родной Уральский педагогический институт и начал педагогическую и научную деятельность в Гурьевском государственном учительском институте, пройдя



путь от преподавателя до заведующего кафедрой физики и математики. В 1958-1960 годах Ахмеджанов Х.А. учился в аспирантуре кафедры аэродинамики Ленинградского политехнического института им. М.И.Калинина. Успешно защитив в 1964 г. свою научную работу, получил учёную степень кандидата технических наук. После окончания аспирантуры (с 1960 г. по 1967 г.) работал заведующим лабораторией химии и нефти в г. Гурьеве.

С 1967 г. Ахмеджанов Хаким Ахмеджанович возглавил Казахский

Научно-исследовательский гидрометеорологический институт (КазНИИГМИ) в г. Алма-Ате, который на территории Западной Сибири, Казахстана и Средней Азии являлся ведущим научно-методическим учреждением в области гидрометеорологии отгонного животноводства. На посту директора института Хаким Ахмеджанович проявил себя хорошим организатором науки, благодаря чему в институте дополнительно были созданы: отдел селевых исследований, сектор водных ресурсов и экспедиция радиолокации активных воздействий. В 1974 году начала работу аспирантура по специальностям «Метеорология, климатология, физика атмосферы» и «Гидрология суши и водные ресурсы». Под руководством Ахмеджанова Х.А. КазНИИГМИ стал головным учреждением в СССР по исследованию природы селевых потоков, разработке методики их расчёта и прогноза. Впервые в мировой практике в горах Заилийского Алатау была создана экспериментальная лаборатория по воспроизведению селевых потоков в естественных условиях.

Учитывая особенности развития сельского хозяйства республики, отвечая его практическим запросам, учёными института впервые в СССР была создана новая отрасль агрометеорологической науки – агрометеорология и зоометеорология отгонно-пастбищного животноводства. В короткий срок были разработаны агроклиматическое районирование пустынно-пастбищной зоны, критерии опасных для выпаса и стрижки овец гидрометеорологических условий, методы прогноза этих условий, методы оценки и прогноза урожая пастбищной

растительности. Все эти методы широко использовались в практике оперативно-го гидрометеорологического обслуживания сельского хозяйства Казахстана и других регионов СССР, а также Монголии. Крупные исследования выполнены в области изучения климатических ресурсов республики, ветрового режима и гололёда, ресурсов облачной влаги, горно-долинной циркуляции в горных и предгорных районах.

Результаты большой научной работы Ахмеджанова Х.А. опубликованы в более чем 50 научных трудах, в том числе: в монографии «Климат города Алма-Аты», в серии научных публикаций по оценке влияния Каспийского и Аральского морей на климат Казахстана.

Для нужд народного хозяйства под редакцией Хакима Ахмеджановича подготовлены такие фундаментальные издания, как: монография «Климат Казахстана», «Справочники по климату СССР», агроклиматические справочники по областям, серии томов научно-справочной монографии «Ресурсы поверхностных вод СССР» по территории Казахстана, составлены гидрологические, климатические и агроклиматические карты комплексного научно-справочного Атласа Казахской ССР.

Студенты-географы ЗКГУ им. М.Утемисова широко используют во время практических занятий и при выполнении ими своих курсовых и дипломных работ научные труды, изданные учёными КазНИИГМИ под руководством Ахмеджанова Х.А. В наши дни некоторые выпускники продолжают славные традиции и успешно работают сотрудниками гидрометеорологических станций в нашей области и других областях Западного Казахстана.

Валентин АМЕЛЬЧЕНКО,
Зав. кафедрой географии,
канд. географ. наук

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы Түркия елінің Стамбул қаласында өткен «Халықаралық Алтай симпозиумына» қатысып қайтты. Екінші рет өтіп отырған бұл басқосу жайында іссапармен барып келген Рита Бекжанқызымен сыр бөліскен едік.

Стамбул сапарынан

Үстіміздегі жылдың 18-19 шілде күндері Түркия елінің Стамбул шаһарында «Алтай тілдерінің халықаралық симпозиумы» өткен еді. Іссапар жайында Рита Бекжанқызынан білгеніміз, симпозиумда алтай тілдерімен қатар түркі тілдеріне ортақ тілдік факторлар барысы сөз болған. Бірнеше ел ғалымдарының басын қосқан симпозиум - ортақ тілдік проблемалар аясында бірнеше кезеңге бөлінген. Екінші рет өтіп отырған бұл басқосуда көптеп қарастырылмай жүрген алтай тілдерін зерттеуге де баса назар аударылған. Түркология саласы жетелі зерттеліп жүрсе, алтай тілдерінің зерттелуі осы уақытқа дейінгі аралықта қалыс қалып келгендігі анық. Қырғызстандағы Қырғыз-түрік Манас университеті, Кореяның Корея университеті, Түркияның Стамбул университеті, Менеджмент университеті мен Өзбекстан ғылым академиясының ұйымдастыруымен өткен симпозиумның негізгі бағыты - алтайистиканы зерттеу, алтай тілдерінің

өзге тілдермен байланысын, шығу төркінін қарастыру.

Бұл жиында тек туыстығы жағынан байланыстар турасында құнды пікірлер айтылып, осы проблема ая-



сында алтайист, түрколог ғалымдар өз зерттеулерімен, зерттеу жобаларымен таныстырған. Сондай-ақ Тілдің тарихы, теориясы, әдістемесі секцияларымен қатар тіл мәдениеті, психолингвистика,

социалингвистика, паралингвистика салалары бойынша да отырыстармен жалғасын тапқан.

Әдебиет саласы бойынша фольклорға арналған арнайы секциялар жұмыс жасап, әдебиет теориясы саласында бірқатар баяндамалар талқыланды. Әріптесіміз Рита Бекжанқызы осы симпозиумға «Диалог проблемасының өзге әдебиеттану ғылымында зерттелу тарихы» тақырыбында баяндама ұсынған. Ғалым сапар барысы жайында өз ойын: «Диалог проблемасы әдебиеттану ғылымымен қатар, тіл біліміне де ортақ зерттеу нысаны. Сондықтан диалогтың әдебиеттану ғылымында зерттелуімен шектелмей, өзге тіл білімі ғылымындағы диалогтың зерттелуін қарастырдым. Осы проблема аясында шетел ғалымдарының ерекше пікірлерін байқадық. Жапон, корей, моңғол және түрік көркем әдебиетінде қолданылған диалогтың зерттелуі туралы ғалымдармен пікір алмасып, тың ойлар алға тартылды. Ғылымдағы проблема, зерттеу нәтижесі үшін

салыстыру өте қажет. Салыстырудың, салғастырудың нәтижесінде тың ойлардың алға тартылары сөзсіз. Аталмыш симпозиумға Қырғызстан-Түркия Манас университетінің профессоры Сулайман Кайыпов, Корея университетінің профессоры Хан Ву Чой, Токио университетінің профессоры Тадаши Сузуки, Стамбул университетінің профессоры Қорқыт Туна, Қырғызстан-Түркия Манас университетінің профессоры Ильхан Шахин және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абай атындағы ҚазҰПУ-дың бір топ ғалымдары қатысты. Осы симпозиумның Түркияның Стамбул қаласында өтуі біз үшін өте маңызды. Сан мың жылдық тарихы бар Стамбул қаласындағы ғылым мен білім ордасы Стамбул университеті, Осман империясы тұсында бой көтерген зәулім сарайлардың өзі тарихи құндылықтардың сол күйінде сақталғандығымен ерекше көзге түседі. Тарихи, әдеби, мәдени мұраларға деген түрік халқының ерекше құрметі сезіліп тұрады. Сұлтан Ахмет мешітін аралаған әр тараптан келген мыңдаған адамдардың өздерінен бауырластық ниет анық сезіліп тұрады. Бауырлас түркі жұртының қазақ еліне деген қошеметі, сыйластық ілтипаты ерекше қуаныш сыйлағандай. Түбіміз бір түркі ұрпағынан тараған қазақ халқы үшін де ғылымдағы ізгі байланыс мәңгілік жалғасын тапса дейміз...», - деп білдірді.

Гүлсая ШЫНТЕМІРОВА



- Ақұштап апа, «Қыздары мықты болмай, қоғам мықты болмайды» дейсіз. Осы ойыңызды тереңнен өрбітсек...

- Еңбасты мақсатым—қазаққыздарының тәрбиесіне көбірек көңіл бөлу. Қазақ қыздарына ұлттық тәрбиеден дәріс беру. Қаламыздағы оқу ордаларында осы мақсатпен дәріс оқыдым. Біздің мемлекеттік бағдарламада ондай сабақ жоқ. Ал мен қазақ қыздарының ұлттық тәрбиесіне байланысты дәрісті қайдан алам? Лиро-эпос жырларымыздан, дастандарымыздан, Құртқа, Ұлпандардан алам. Қыз Жібек, Баяндардан, Тұмарлардан, кешегі Әлия мен Мәншүктен әкеліп, бүгінгі еліміздің мақтанышы болып жүрген қыздармен жалғастырып, дәріс оқимын. Қазір өсіп келе жатқан ұрпақ өзінің ұлтының ертеңгі болашағы екенін білсін деймін. Өзім де үш қыз өсірген анамын. Қыздары мықты болмай, қоғам мықты болмайды деген ойдамын. Қыздары парасатты, анасы ақылды болмаса, қоғам әлсірейді деген ойдамын. Ұлы ұлттың парасатты жүрегі — ана болу деген үлкен өнер, үлкен тәрбие. Бізге осындай ана қажет! Қайратым, қуатым барда ақындық тіліммен, өлеңіммен айтайын, ананы сүюді, ананы сыйлауды үйретейін деп жүрмін. Ана болу деген үлкен жігерлілікті қажет ететін ауыр жұмыс деп түсіндіремін.

- Біздің мектептердегі, яғни оқу орындарындағы қыздар тәрбиесіне көңіліңіз тола ма?

- Мені ана ретінде жас ұрпақтың кері кеткен тәрбиесі алаңдатады.

Қаракөз қыздарымның кіндігі мен етегін жабайын, оларға ұят мәртебесін аласартпауды үйретейін деймін. Облыста аграрлық және гуманитарлық бағытта екі университет бар. Соларда «Қазақ қызының ұлттық тәрбиесі» деген тақырыпта дәріс оқыдым. Әзірше ол ҚР Білім және ғылым министрлігінің оқу жоспарына арнайы енбей тұр. Бізге осындай пәннің қажеттігі байқалады. Мейлі ол техникалық, менеджерлік, заңгерлік, т.б. мамандықтарды игерсін, бірақ **ұлттық тәрбиеден алшақ тұру — адасқандық.**

- Шет тілін тереңдете оқытатын мектептердегі балаларымыз өз ана тілінен алшақтап кетпей ме?

- Мен жастардың тіл үйренуіне қарсы емеспін. Көп тіл білгеннің еш зияны жоқ.

Ақұштап БАҚТЫГЕРЕЕВА

«Қыздары мықты болмай, қоғам мықты болмайды»

«Қыздары мықты болмай, қоғам мықты болмайды» тақырыбында қазақ қыздарының ұлттық тәрбиесі жөнінде ақын Ақұштап Бақтыгереевамен сұхбат.

Бірақ қазақ баласы әуелі бесіктен ана тілін, ұлттық тәрбиенің қайнарына сусындап өсуі керек. Ұлттық тамыры үзілмеген бала ғана кейін қанша тіл үйренсе де, өз тілін ұмытпайтын болады. Ал бала қазақша оқып-жазып үйренбей жатып, оған басқа тілдерді тықпалау – меніңше, дұрыс емес. Шет елдерде оқып, білім меңгеріп, алайда ана тілін ұмытып кететіндер бар. Бұл өзінің ақ сүт берген анасын, ақ батасын алған атасын, түбін, тегін, Отанын ұмытып сатып кеткенмен бірдей емес пе? Ұлттық рухта тәрбиеленген балалар ағылшынша оқып, меңгеріп жатса, міне, солардан бірдеңе күтуге болады.

- Арнайы қыздар мектебін ашу туралы ойыңыз болды. Қандай мақсаттар көздейді?

- Қыздар мектебін ашу туралы ойымыз болғаны рас. Әдеби орталық ашсам деген де ойым бар-ды. Қазақ қыздары сол мектептен иба-инабатты, жар болу, ана болу туралы біліп шықса деген арманым болғаны рас. Бүгінгі қазақ қыздары джинсиын кие берсін, шашын қисын, бірақ Құдай өздерін әйел ғып жаратқанын ұмытпаса деймін. Сол мектептен қыздар ас пісіруді, медицинаны, шаш қиюды, қолөнерді, ағылшын тілін біліп шықса, түзу жүруден тарқылдап құлмеуге дейін айтса, қандай ғанибет!

- Қазақ болу үшін қазақ қыздарының рухы биік болсын десек...

- Қазақ болу үшін жүзге, руға бөліну шарт емес. Тегімізді білсек, тілімізді ұмытпасақ, қазақ болып жаратылғанымызға өкінбесек болды да. Басты мәселе—ұлттық рухта. Рух биік болуы үшін, аналар сөбілерін қазақша әлдилеп, бесік жырын айтсын.

- Ақұштап апа, қандай бойжеткен болдым деп ойлайсыз?

- Талай тағдырды көрдік. Газеттің жұмысымен, хаттыңізімен сапарға шығамыз. Біреудің тентек, ерке қызы шырылдап күйеуінен таяқ жеп жүреді. Біреудің керемет баласы олақтау, кеспірсіз қызды алып, әп-әдемі өмір кешеді. Кей қыздар шетел асып жатыр. Өмір өтеді, ертең олар Бейбарыс сияқты «Туған елдің жусаны-ай» деп жыламай ма... Қыздар сүйгеніме тием деп емес, өзімді сүйгенге шығам деп ойлау керек. Сенің сүйгеніңнен не пайда, ол сүймесе? Бүгінде тұрмысқа шықпаған қыз көп. Оны жігіттерден көрем. Жігіттерді намысшыл етіп тәрбиелеуіміз керек. Менің ұзын бұрымым болды. Қарт әжемнің тәрбиесі ме, тәкаппарлау болдым. Ұшып билеуге жоқ едім. Концерт-жындарда сөз сөйлеу, жүргізу үлесіме тиеді. Ұл балалармен өзімді еркін ұстадым. Қыздар нәзік бола отырып, еркін,

батыл болса. Қысылып, қымсынатын батылсыз қыздар тез алданады, тез ұятты болып қалады. Жалпы, батыстың қыздары тіке, батыл, ойындағысын айта салады ғой.

- Көп туындыларыңызды қыздарға, әйел затына арнайсыз. «Қыздары дұрыс болмай, ұлттың да көркі болмайды» депсіз...

- Қыздарға, әйел затына арнап жазатыным рас. Біреулер оны «ұсақ тақырып» деп ойлауы мүмкін. Бірақ мен олай деп ойламаймын. Себебі қыз бала тәрбиесі ұлтының тәрбиесімен тікелей байланысты. Қазақ әйелінің қандай болғаны, жалпы, ұлтымыздықкелбетідепойлаймын. Мысалы, әйелі салақ, олақ үйдің көркі болмайтыны сияқты, әйелі, қыздары дұрыс болмайтын болса, ұлттың да көркі болмайды, меніңше. Ұлды да, қызды да тәрбиелейтін, жалпы қоғамды ұстайтын ана деп ойлаймын.

- Өзіңіз жырға қосқан қыздар мен бүгінгі қыздарды салыстырып өтсеңіз.

- Уақыт өзгереді, келесі ғасырдың адамы да, көзқарасы да бөлек болады. Дүниенің деңгеленгені сияқты, адам қоғамды бір орында ұстап тұра алмайды. Мысалы, ғасыр бөлек болса, бола берсін, әр гүлдің өзінің топырағында өсетін тамыры болуы керек. Әр ағаштың өз топырағынан алатын нәрі болуы керек. «Мына ғасыр бөлек екен» деп, тамырсыз гүл сияқты солып өте шығуға болмайды. Сондықтан бәрібір әжелер тамырынан, ғасырлар қойнауынан, өзіңнің қаныңнан тәрбиенің негізін алып, сол жолда жүрсең, өмірің бекер өтпейді. Қазақ баласының ұлттық тәрбиесін ұмытуға болмайды. Біз қай қоғамда өмір сүрсек те, басқа ұлт өзінің түрімен, тілімен танылып тұрса, кеңдаланың ұрпағы да өзінше танылуға тиісті. Өкінішке қарай, қазір біздің сыртқы формамыздың Ресейден ешқандай айырмашылығы жоқ. Орысқызы мен қазаққызынан айырмашылық байқалмайды. Өйткені, баяғы кезде біз аралас-құралас болып өстік. Ал қазіргі кезде орыс мектептерінде оқыту, соның тілінде сөйлеу қазақ қызын өзінің ұлттық нақышынан, мінезінен айырды. Орыс ұлты өзінше бөлек болса, қазақ ұлты да өзінше бөлек еді ғой. Біз қазақ даласының өзіндік дәстүрін сақтауымыз керек. Басқа жерге барғанда «Мынау қазақ қызы» деп ерекшеленіп тұрса, қандай жақсы.

«Жолықсандар тағдырдың ызғарына Тілектеспін ел салтын бұзбауыңа. Абай атты армандай ұл өсіріп, Ат қойындар Тоғжан деп қыздарыңа», - деп жаздым.

- Сіз іздеген инабатты, тәрбиелі қазақтың қыздарын бүгінгі қоғамнан кездестіре алдыңыз ба?

- Арасында бар. Бірақ олар көптің ішінде көрінбейді. Мәселен, бес жақсы қыз келе жатса, он бес нашар қыз келе жатады. Сол бесеуді әлгі он бес жаншып кетпей ме? Олардың сол он беске ергісі келеді. Кіндіктерін де ашады, сосын қаланың сұрқия өміріне алданып қалады. Даланың қызы әлі де өз инабатымен келеді. Ұят болады деген сөзді ұғады. Бірақ олар аз. Бар болғанына қуанам, бірақаздығынан қорқам. Олардың мөлдірлігін басқалар мазақ етеді. Олардың мейірімділігін аңқаулық деп мазақ етеді. Көп күрмектің ішінде күріш кетпей ме? Қазақ қызы деген өзгеге ұқсамайтын дала мінезімен ерекшеленуі керек. Одан парасат пен ақыл үйренсе артық па екен? Бүкіл далаға, ұлтқа ана болатын қыз тәрбиесі оп-оңай қарайтын нәрсе емес.

Бүгінде қазақ қыздарының арасынан беттерін тұмшалап жүргендерді көптеп кездестіреміз. Қазақтың қай заманында да бұлай жүру болған емес. Қазақ халқы қыздарын ежелден иманды болуға, арын сақтап, абыройлы болуға тәрбиелеген. Қыздарымыз ежелден ұятты жерлерін жауып, тәрбиелілік танытып, парасаттылық пен инабаттылықты дәріптейтін игі дәстүрімен көріне білген. Біз — көшпенді қазақ халқының ұрпағымыз. Біздің қыздарымыз дала еркіндігінде өсіп тәрбиеленген. Айбындылары қолдарына қару ұстап, соғысқа да аттанған. «Шығыстың қос жұлдызы» атанған Әлия мен Мәншүктер үйде отырмай, түздегі дала соғысына аттанды емес пе? Отанын, елін, жерін қызғыштай қорғау мақсатында қаршадай қыздарымыз қазақ қызының бойындағы өршіл намысты көрсетті ғой. Өз бойында ұлттық намысты жоғары қоятын қыздар өз ұлтын шын сүйетіндер. Ұлтын сүйетіндер оның ұлттықдәстүрін де сыйлауы міндетті. Сонда ғана қазақ қыздарының бойынан ұлттық болмысты көре аламыз. Бұл ұлттық тәрбиеден бастау алары сөзсіз. Мен өз басым жапон қыздарына қызыға да, сүйсіне де қараймын. Өрқашан әдемі қалпында. Осы әдеміліктің артында жапон қыздарының тәрбиелілігі көрініп тұрғандай. Халқы қырылып, ел басына қиын жағдай туған уақытта да сабырлылық сақтап, сарабал қылықтарымен көріне білді. Айқайлап, шыңғырып, дауыс көтеріп жатқан бір қызды көрмейсің. Киімдері де жапон халқының ұлттық болмысын, дәстүрін дәріптегендей. Қандай заман туса да, бір қалыпта. Сәлемдесулерінің өзінен тәрбие ұшқыны сезіліп тұрады. Әр халықтың өзінің ұлтының таным, болмыс, дәстүріне сай киім кию үлгілері болады. Киім киюдің де өз әдебі бар. Қазақ қыздарына айтарым, шығыстық сарынмен беттерін тұмшалап, қара жамылғыны оранып, жүздерін көрсетпеуден сақтанса деймін. Қазақ қыздары тәрбиелілік деген ұғымды шатастырмау керек. Біздің қазіргі қыздарға ұлттық тәрбие ерекше қажет кезең. Ол алдымен ұлттық намыстан бастау алады.

-Өңімеңізгерахмет.Бойында намыс оты ойнаған, ұлт тәрбиесін сіңірген, иманды да инабатты, тәрбиелі, ана тілін ардақтаған қазақтың текті қыздары көп болғай!

Сұхбатты жүргізген Рүта СҰЛТАНҒАЛИЕВА,
«Қазақ филологиясы» кафедрасының оқытушысы, ф.ғ.к.



Р
К
Е
Н



№ 9-10 (867) шілде-тамыз 2011 жыл

5

Қазақтың еңбек күндері-ай!

Халқымызда «Бір тал кессең, он тал ек», «Батаменен ел көгерер, жаңбырменен жер көгерер» демекші, жастар еліміздің, қаламыздың көркеюіне, өркендеуіне үлес қосуда. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жастарға артқан салиқалы саясатын іске асыру аясында жыл сайын университет қабырғасынан «Жасыл ел», студенттік құрылыс еңбек жасақтары жасақталады. Биылғы жылы да бұл бағдарлама өз жұмысын бастады. Университеттен «Жасыл ел» еңбек жасағының қаладағы штаб бойынша 3 жасақ еңбектенді. Аталмыш жасақтардың бірі «Аманат» еңбек жасағы, II лекпен жұмыс уақытын бастады. Бұл жасақта білім ордамыздың барлық бөлімінен 21 студент жасақталып, жұмыс атқарды. «Жасыл қала» еңбек штабының бөлуімен студенттер қаламыздағы түрлі объектілер бойынша әктеу, кепкен ағаштарды кесу, жинау секілді жұмыстар жүргізді. Атап айтар болсақ, Деркул, Желаево кенті, қалалық Орталық тынығу саябағы, облыстық кардиология орталығында абаттандыру жұмыстары өз нәтижесінде атқарылды. Студенттер қосымша қаражат табумен қатар, әр бөлімнен өзіне жақын сырлас дос тауып, жұмыс ортасына тез еніп, бір айдың қалайша зымырап өткенін байқамай да қалды.

«Жасыл ел» бағдарламасы жыл сайын өз жалғасын тауып, туған елі үшін аянбай еңбек еткісі келетін жалынды да жігерлі жастардың басын қосып, қаламызды әрі қарай көркейтуде өзінің елеулі үлесін қоса берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Айжангүл ПЕРҒАЛИЕВА
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті,
«Аманат» жасағының командирі





Ләззат Мазатай:

«Бізге ешкім «Мен жапа шегушімін» деп тікелей келмейді»

- Ләззат Ғиниятқызы, жат ағымнан жапа шеккендердің саны артып келеді. Қазіргі күні орталықтың жұмысы өз нәтижесін шама-шарқынша көрсетуде. Сіздерге кеңеске келушілердің арасында тікелей «мен мына діни ағымнан жапа шегушімін» деп өздері келе ме, жоқ әлде біреу делдал бола ма?

- Бізге ешкім «мен жапа шегушімін» деп тікелей келмейді. Неге? Кез-келген адам өзінің ұстанған сенімін дұрыс деп есептейді. Алдымен келетіндер, сол азаматтардың ата-аналары, ұстаздары, достары. Солар арқылы ғана жапа шегушімен сұхбат жүргізу мүмкін болады. Негізінде, жасы кәмелетке толғандардың ісіне туыстары мен достары араласу – дұрыс көзқарас. Бірақ, заңға жүгінетін болсақ, кез-келген тұлға кәмелет жасына жеткеннен кейін олар өз істеріне өздері жауап беруге тиіс дегенімізбен, сананы діни тұрғыда басқару адамның толық шешім қабылдау қабілетін әлсіретеді.

Зерттеу жұмыстары нәтижесінде, азаматтардың діни ағымдарға тартылуының басты себептерін көбіне әлеуметтік жағдаймен (жұмыссыздық, ақша тапшылығы және т.б.) байланыстырып жатады. Әрине, дұрыс. Алайда, тек бұлай деп қорытынды жасау қате түсінік.

- Сонда жат ағымдар кімдерді көздейді?

- Сауалыңызға орталықтың кеңесіне жүгінушілердің мәліметтерімен жауап берсем, біріншіден жат ағымға - **бизнес өкілдерін, ауқатты отбасыларды немесе қалталы азаматтарды арбаған тиімді.**

Мысалы, орталыққа жолығушы бір ақшалы мұнай саласында қызмет еткен 30 жас шамасындағы орыс ұлтының И. деген азаматы 9 ай бойы жат діннің санатындағы «Свидетели Иеговыдың» қатарында болған. Ол бұл жағдайды, бәрін біле тұра қызығушылық жағдаймен барғандығын баяндады. Яғни, көшеде кездескен үгіттеуші қыздардың сұлулығына бола қызығып, сол үшін дәрістеріне қатысып бастаған. Ең соңында отбасымен ажырасқан, үйінен айырылған, барлық жиған ақшасынан айырылды және жұмыстан қуылған.

Екіншіден, **талантты, қоғамда белсенді, жоғарғы білімді азаматтарды аңдиды.** Өкінішке орай, көпшілігі бұған назар аудармайды, діни культтардың осындай «қымбат» - ақылды, мақсатқа жеткіш, өмірге құштар азаматтарды аңдидының біле бермейді.

Мысалы, мониторинг жұмыстары кезінде зерттеу нысанына алынған М. есімді 25 жасар қыз, «Благодать» діни ұйымына келместен бұрын, оқуда және қоғамдық өмірде өте белсенді болған.

Жоғары оқу орнында оқып жүріп ол облыстық деңгейдегі түрлі шараларға, пікірталас ойындарына қатысқан, тіпті, достарының айтуынша оның ақындық өнері болып, өлеңдері бір жинақ кітапқа да енген. Сөйтіп жүргенде, бір жылдары жазғы демалыс уақытында отбасында қатты ұрыс-керіс болып, аяқ астынан христиан дінін қабылдаған. Қазір ол қыздың мінезінде кері ықпалды өзгерістер байқалады, қоғамнан өзін алшақ ұстайды.

Жуырда «Орал өңірі» газетінде жарық көрген «Сектант қыздың сыры» деген мақаламда да мәселе тура осыған ұқсас. Бұл мақала республикалық www.abai.kz, thenews.kz, www.muftiyat.kz, news.kz сайттарында да жарияланды.

Тағы бір айта кетерлігі, жат ағымдар **ата-анасы мемлекеттік мекемеде немесе органдарда жасайтын отбасылардың балаларын өздеріне жиі тартады.** Мұндағы мақсаттары – осы балалар арқылы ата-аналарының қандай қызмет атқаратынын және мемлекеттік құпияларды білу үшін пайдаланады.

Сондай-ақ, біздің жұмыс барысында кездескені, жат ағымдар **еңбекке жарамсыз мүгедек жандарды да баулыған.** Себебі, үкіметтен берілетін жәрдемақы не зейнетақыны өздерінің пайдасына асыру үшін.

Оған да нақты дәлел келтірсек, орталыққа есту және сөйлеу қабілеті шектеулі мүгедек баланың анасы келді, баласы соңғы бір айда мінездері өзгеріп, ата-анасын тыңдамай бастаған. Мүгедек болса да әр жексенбі күні өтірік айтып үйден сырлануы жиілеген. Тіпті, отбасында осыған дейін қозғалып көрмеген ақша мәселесін де алдымен баласы бастаған. Яғни, анасына «мен өз ақшамды өзім алам, ешқайда жойма, өзіме бер» деп сұрайды. Назар салған ата-ана баласының «Свидетели Иеговыға» барып жүргеніне көзі жетеді. Сондай-ақ, жұмыстану барысында баласымен бірге оның бірнеше достарының да барып жүргендігіне көз жеткіздік.

- Қазіргі таңда шешімі күрделі болып отырған салафийдік көзқарасты ұстанушылар жайы кездесті ме?

- Кездесті. Қазіргі таңда жастар арасында салафийдік көзқарасты ұстанушылардан келетін ең басты қауіп: өздерін мұсылмандар, намазға бет бұрмағанды діннен шыққандар деп қабылдауы. Бұған дәлел, салафийлік бағытты ұстанушы 20 жастағы жоғары оқу орнының студенті кеңес барысында айтады: «маған намазға жығылмаған ата-ана керек емес, ол маған қалай тәрбие бермек. Екіншіден, тамақ пісіргенде «біссмілә» сөзін айтпайды, мен ол тамақты маған жеуге болмайды. Мейрамдарда неге құттықтамайсың деп айтады, мейрамды атап өту – ол күнә, оны түсінбейді.

Облысымыздағы 2009 жылы құрылған «Жайық» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» жат ағымнан жапа шеккендерге көмек қолдарын созып келеді. Олардың айтуынша аталмыш орталыққа кеңеске жүгінушілердің саны күн санап артып келеді. Бұны қоғамда дін мәселесі алаңдататын жастардың көп екендігімен түсіндіруге болады дейді. Орталықтың мәліметіне сүйенсек, ағымдағы жылдың қаңтар айынан бастап кеңеске жүгінуші және мәлімет алушы 81 адамның пайыздық көрсеткіші:

11-17 жас – 21 адам – 26 %
18-20 жас – 24 адам – 30 %
21-25 жас – 17 адам – 21 %
26-35 жас – 19 адам – 23 %

Оның ішінде: тікелей орталықтың көмегіне жүгінгендер – 23 адам – 28 %, «Сенім телефоны» арқылы хабарласқандар – 21 адам – 26 %, antisekta_zko@mail.ru электронды поштасына хабарласушылар – 37 адам – 46 %.

Пайыздық көрсеткіштерді қосар болсақ, 50%-дан астамын 18-25 жас аралығындағылар құрап отыр. Яғни, бұлар кімдер? Бұлар ауылдан мектепті енді бітіріп келген түлектер, студенттер және жоғары оқу орнын тәмамдаушы жастар. Өйткені, бұлардың өмірлік ұстанымдары мен позициялары толық қалыптасып үлгермеген, халықтың психологиялық тұрғыда әлсіз тобын құраушылар болып отыр.

Бұл мәселелерді шешу жолында орталық облыс әкімшілігі тарапынан БАҚ және құқық қорғау органдарымен тығыз байланысқан. Сол себепті де құқық қорғау органдарымен біріккен бірнеше шаралар іске асырылып және орталықтың қызметі БАҚ құралдарында жарық көруде. Осыған орай қазіргі жастардың арасынан орын алған жайсыз жат ағымның мән-жайына қанық болу мақсатында орталықтың төрайымы Ләззат Шағатаймен әңгімелескен болатынбыз.

Менің діни киім кигеніме өте қарсы, біз алдымен қазақ емеспіз, мұсылманбыз» дейді. Тіпті, өзінің ұлтын да мойындамайды. Ол қыздың оқып жүрген кітаптарын имамдарымызға көрсеткенімізде, барлығы да шет елден келген, таза осы ағымға үгіттейтін кітаптар екенін айтып берді. Осы тұрасында республикалық Abai.kz порталында «Қазақ қыздарына қайран қалудан қалдық» деген мақаланы жарияладық. Оған 60-қа жуық түрлі пікірлер түскен.

Тағы да сондай бір мысалды айта кетсем, биыл ғана ЖОО орнын үздік дипломмен тәмамдаушы жапа шегуші 22 жасар студент қыз, психологпен сұхбат барысында өзінің түпкі мақсаттарының бірінде жинадистік ойларының да бар екенін жасырмаған. Тіпті, оған қазірден бастап іштей дайындық жұмыстарын жүргізуде. Ол қыз дипломды ала салысымен, салафийлік көзқарастағы шетелдік азаматқа тұрмысқа шығуға дайындалып жүр. Оның айтуы бойынша, біздің елде таза мұсылман жоқ, өзіне сақалды, намаз оқитын, балағы қысқа кавказ ұлтының азаматтары ұнайтынын да айтқан. Оның қазіргі алдына қойған бар мақсаты жұмыс жасау емес, тез арада тұрмысқа шығу. Ал, түптеп келгенде бұл қыз оқып жүріп, шешен ұлттары қызмет ететін сауда орталығында жұмыс жасауға келеді, содан бастап қыз діни бағытпен өмір сүруді таңдаған.

Тағы бір кездескен жай, студент атана жүріп, намазға жығылғаннан кейін сабақ үлгерімі төмендеп, өз еріктерімен зайырлы білім алудан бас тартқандар да кездесті. Олардың айтуы бойынша, ақиқаттың бәрі ана дүние туралы ілімде дейді де, құдай туралы кітаптардан басқасының бәрінен оқудан бас тарту олардың ойынша оңды іс екен.

- «Жайық» орталығының бағыты жастармен жұмыс болғандықтан, осы болып отырған жағдайлардың басты себебі неде деп ойлайсыз?

- Негізінен, орталықтың психолог мамандарымен және қаламыздағы мешіт имамдарымен сөйлесіп, саралай келе бұл жағдайлар - көп отбасында ата-ана мен бала арасындағы қатынастың жоғалғандығынан, өйткені, жұмыс барысымен жүрген ата-ана баласының немен шұғылданып жүргенінен бейхабар екендігінде болып отыр. Сондай-ақ отбасында рухани тәрбиенің жоқ болуы, анасының қызымен, әкенің ұлымен арадағы жеке сұхбаты болмауы. Соның кесірінен бала ата-анадан алшақтап, кейде тіпті мойындаудан бас тартып, діни уағыз айтушы, осыған дейін өзі танымай келген, бөтен адамның сөзін сөйлеуші болып шыға келуі, жапа шегушілердің қатары тек әлеуметтік жағынан аз қамтылғандар ғана емес, жоғарыда айтып өткен мысалдардағыдай ақшалы ортадан да кездесуі деген тұжырымға келіп отырмыз.

- Қате жолда жүргендігін түсініп, дұрыс бағытқа бет бұрған адамдар бар ма?

- Орталыққа өз алғыстарын айтып, балаларына көрсеткен көмектеріне ризашылықтарын білдіріп келіп жатқан ата-аналар баршылық. Бізге тек қаланың ішінен ғана емес, аудан, ауылдардан, тіпті қала берді көршілес облыстан келіп те көмек сұраушылар болды. Жолығушы ата-аналар көбіне көз жасын төгіп, шығарға жол таба алмай, баласының бетін қайтара алмай тығырыққа тіреліп келеді. Біз қолымыздан келгенін бәрін жасап жатырмыз, керек кезінде имамдарды орталыққа шақырамыз, балаларын ертіп бірге мешітке де барамыз, тіпті жапа шегушілердің үйіне де барып, психологиялық кеңес берген жағдайларымыз өте көп. Процесс керемет жүріп жатады, баланың беті енді бері қарап келе жатқан шақта ата-ана тарапынан «бізді тыныштықта қалдырыңдар, баланы мазаламандар, қазір жақсы сияқты, келмеңдер» деп байланысты үзіп тастайды. Осындай келіп екі ойда қалған бала кімге және қайда сенерін білмей түсініксіз жағдайда қалады. Әрине, содан кейін өткен ісін кері жалғастырып, дес бермей, бәрі кеш болғанда ата-аналары кінәларын мойындап жатады. Осындай жағдайда істің аяқсыз қалуы еш нәтиже бермейтіндігін айтқым келеді.

Екіншіден, кейбір ата-ана болады, баласы үшін барлық жағдайды жасайды, бірақ баласы көнбейді, теріс діннің ықпалына әбден шырмалып, кем дегенде 1-2 жыл уақытын өткізіп алғандар.

Үшіншіден, кей ата-ана бар ауыртпалықты бізге салады, олар: «баламызды сендерге апарып бердік, таныстырдық, міндеттерің сол, енді өздерің шұғылданыңдар» деген қате түсінікпен қарайды. Бұндай жағдайда да біз ешқандай әрекет жасай алмаймыз.

Біздің мақсат, біреулер ойлағандай тұлғаны сенімінен айырып, дінсіз ету емес, бастысы дәстүрлі діннің қайсысы екенін айтып түсіндіру.

- Әңгімеңізге рахмет.

Қадірменді оқырман қауым!

Егер сіздің достарыңыз, таныстарыңыз, туыстарыңыз жайында қандайда бір дұдамал ойларыңыз болып, көмек қажет болса, мына мекен-жайға хабарласуыңызды сұраймыз:

Орал қаласы, *Ғ.Қарааш к/сі -14, 12 каб. тел: 8 (7112) 50 71 59, 8 777 861 71 81, эл. пошта: Antisekta_zko@mail.ru, веб-сайт: www.antisektazko.kz*

«Жайық» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы» ҚБ төрайымы Шағатай Ләззат Ғиниятқызы.

**Әңгімелескен
Гүлсая ШЫНТЕМІРОВА**

Дәстүрлі емес діни ағымдардың көзге енгені не?

Қазақстан өз алдына тәуелсіздігін жариялап, сенім бостандығына ерік берген тұста, сырттан ағылған діни ағымдар ағыны ұлғая түсті. Сөйтіп халықаралық құқықтық нормаларды бекітіп, конвенцияларға қосылу сырттан келетін діни ағымдардың ықпалын күшейтуге жол ашты. Яғни, дәстүрлі емес діндер санатына кіретін ағымдар елдің әлеуметтік ауыр ахуалын пайдаланып, өздерінің мақсат-мүддесін жүзеге асыруға белсене кірісті. Соңғы оншақты жылдың көлемінде дәстүрлі емес діни ағымдардың саңырауқұлақтай қаулап кетуі осының айғағы.

Жаңашылдыққа және жалпы белгілеріне орай біріккен жаңа діни ұйымдардың мақсаты, ұйымдастыру түрлері, қызмет сипаты бойынша ала-құла болып келеді. Қазақстандағы аталмыш ағымдардың дәстүрлі емес болып аталатын себебі, олардың біздің мемлекетімізде пайда болғанына ұзақ уақыт бола қойған жоқ және олардың бойында дәстүрлі конфессияларға тән емес белгілері де жеткілікті.

«Дәстүрден тыс діни ағымдар» дегенде, еліміздегі жас буынның көз алдына не елестейді? Қазіргі таңда дәстүрден тыс діни ағымдар қоғамды іштен ірітіп жатқандығы туралы жиі айтылуда. Алайда, жастар теріс пиғылды ұйымның өз жұмысын нақты қандай әрекеттер арқылы жүргізетінінен бейхабар. Олар дәстүрден тыс діни ағымдардың дәстүрлі діндерден іргесін аулақ салатын, белгілі бір діни мақсатты көздейтін ұйым екендігін біледі. Алайда, олар өздерін адамның рухани қажеттіліктерін өтейтін, өмірдің мәнін ұғынуға көмектесетін, рухтың мәңгілік екендігін түсіндіретін, пендеге тән қайғы-қасіреттерден құтқарып, өзін-өзі жетілдіруге ықпал ететін адам ретінде көрсетуді шебер меңгеріп алған. Олар діни сауаты жетіле қоймаған, өмірлік бағыт-бағдары жаңа қалыптасып келе жатқан жастарды алдау-арбау арқылы өз қатарларына тартады.

Ақиқатында, діни бірлестіктердің басым көпшілігі кейбір аңғал жандар ойлағандай, биік мақсат-мүдделерді көздемейді. Дәстүрден тыс діни ағымдар атаулының түпкі ниеті біреу-ақ, ол – қарапайым адамдарды өз мақсат-мүдделеріне пайдалану, сол арқылы материалдық игілікке кенеліп, билікке қол жеткізу.

Исламда ешбір адамның өз бетімен бөлек топ құрып, бөлінуге құқығы жоқ. Аллаһ Құранда патшаға, басшыға, қандай да болмасын билік иелеріне бағынуды бұйырған. Теріс ағымдардың алдын алу үшін белгілі мекеме басшысы, құзырлы органдар және ең бірінші ата-ана өз балаларын қадағалауы тиіс. Балаларымыздың қайда жүргенін, кіммен жүргенін, түнгі уақытта мезгілсіз жүрмеуін, мешітке барса кімнен не үйреніп жүргенін мұқият қарауымыз қажет. Мақсат – ұл-қыздарымызды, болашақ ұрпағымызды теріс ағымдардан сақтау және алдын-алу. Осындай шараларды қабылдаған күнде ғана еліміздің ертеңгі қауіпсіздігіне қатер төндіретін дәстүрлі емес діндердің іріткі салуының алдын алуға болады.

Аллаһ тағала елімізге тыныштық, отбасымызға амандық бергей!

Елдана АСЫЛХАНҚЫЗЫ

БҚМУ - менің мақтанышым!

Түр-тұлғасы, болмыс-бітімі де өртүрлі қаптаған студенттер. Қабылдау комиссиясында талапкерлердің қасына сенің де кезекте тұрғаның. Әр өлкеден келген жастардың жүрек-лүпілі, жаңадан басталған сабақтар, ұйқыдан айырған таңғы сәттер, бәрі-бәрі сағыныш екен-ау, шіркін!

Оқуға түскен жас талапкер 1 курста оқу оқысам, білім қусам, 2 курста – көп білсем, басқадан озсам, 3 курста – жан-жағына қарап, ел сияқты жұмыс істеп, ақша тапсам дейді. Ал 4 курста – «Ой, қайтеміз?! Бітіретін жыл ғой» деп қол сілтейді де, 3 курста жалданған жұмыстарына мастанып жүреді. Сөйтіп, шыжығы мен қызығы мол, қайталанбас студенттік шақты уысынан шығарып алады. Өттен, уақыт ешкімге бағынбайды. Әйтпесе...

Күні кеше келген біз де төрт жылды артқа тастап, оқу ордамыздан жас маман болып қанат қағып отырмыз. Бірінші курста жат-жерге үйрене алмай біраз қиналғанымызбен, кейінгі курста көзіміз жаттығып, төртінші курста, міне кимастықпен қоштастық.

Бірінші курста ата-анаң күн сайын хабарыңды сұрап тұрып, бір күні сұрамаса, «қыз керек емес пе не, неге соқпай жатырсыңдар?» деп өзің қоңырау шалатын болсаң, төртінші курста «Телефон бірліктеріңізді жоймаңыздар, мені кім алып кетсін» деп сирек хабарласатын болдым. Басында мұғалім келгенде сасқалақтап, ұялып тұрсақ, соңғы курста әр ұстазыңның мінезінен хабарың болып, тез тіл табысып кеткеніңді байқайсың.

Міне, осылай бағамдай жүріп төрт жылдың қалай өтіп кеткенін сезбей

қалған екенбіз. Студенттік өмірмен қоштасқанда бір өкінетінің студенттік еркіндікті болашақ өмір көтермейтіндігі, не ішем, не жеймін демеген кезбен қоштасатындығың, ұрсып та, жай мінезімен бағыт-бағдар да беріп отыратын ұстаздарыңмен қоштасуың болмақ. Ендігі болашақ өмірде өзіндік «мен»-іңді қалыптастырып, мойындататын кез келді. Өз еңбегіңнің нәтижесі арқылы өзіңнің тұлғанды қалыптастыруың керек. Осылай жүріп үлкен міндеттер мен жауапкершіліктің қамытын киюіңе тура келеді.

Төрт жылды да қызықты да, есте қаларлықтай етіп өткіздім деп айта аламын. Осы жылдарым үшін өзім оқыған «Қазақ филологиясы» кафедрасының ұстаздарына алғыс айтамын. Сабақ берген ағайларды атасақ, Серікқали ағай, Зейнолла ағай, Азамат ағай, Жанкелді ағай, Бауыржан ағай мен Айдарбек ағай, Марат ағай және апайлардың бойынан табылатын ақ көңілділік, еңбекқорлық, түсіністік пен жауапкершілікті бойымызға сіңіреміз деп ойлаймын. Ең бірінші менің ғылымға деген сүйіспеншілігімді оятқан Рита апайға (Рита Сұлтанғалиева) алғысым шексіз. Апайдың бойындағы еңбекқорлығы мен талап қойғыштығына тәнті болам. Сонымен қоса, мақала жазып, тілшілік бағытта өзімді сынап көруге мүмкіндік берген «Өркен» газетіне де алғысым шексіз. Біліп, білмей жасаған бойымыздағы қателіктер болса, барлығы үшін кешірім сұраймыз. Саналы тәрбие мен сапалы білім берген жалпы білім ордаммен мақтанамын, БҚМУ - менің мақтанышым!

Гүлсезім БИЯШЕВА,
2011 жыл түлегі

ТЕМЕКІ ТАУҚЫМЕТІ

Темекіден туындайтын аурулар

Арқа және бел ауруы. Темекі тарту бел ауруларын тудырады. Өйткені, адамның омыртқа табақшаларына оттегі аз барады.

Простаттың қатерлі ісігі. Темекі тарту простаттағы ісік түрлерінің 40 пайызының себебі екендігі дәлелденген.

Жатырдағы қатерлі ісік. Шылым шегетін әйелдерде тартпайтындарға қарағанда жатырдағы қатерлі ісік ауруына шалдығу қаупі 4 есе жоғары.

Балалардың тыныс алу жүйесінің бұзылуы. Өкесі, не анасы темекі тартатын балалардың тыныс жолы ауруларына шалдығу қаупі 6 есе жоғары. (Суықтау, құлақтың қабынуы, бронхит, ентікпе және туберкулез, т.б. аурулар).

Диабет. Темекі дененің инсулин бөліп шығару қабілетін уақыт өте келе жояды. Бұл диабет ауруына жол ашады.

Дәріге қарсы иммунитет. Темекі тартатын адамдар дәрінің әсерін сезіну үшін белгілі мөлшерден көбірек дәрі қолданулары керек.

Құлақ инфекциялары. Шылым шегетіндердің балаларының құлақ қабыну ауруына шалдығу қаупі өте жоғары.

Эмфисема ауруы. Өкпедегі алвеольдердің уақыт өте келе серпінділігі жойылып, тыныс алу қиындайды және ауру адам тыныс алу құрылғысымен ғана өмір сүре алатын жағдайға жетеді. Бұл ауруға шалдыққандардың 85 пайызына темекі тікелей кінәлі.

Асқазандағы қатерлі ісік. Темекі тартатын адамдардың асқазан және ішектегі қатерлі ісік ауруына шалдығу қаупі темекі тартпайтынға қарағанда 2 есе көп.

Жүрек аурулары. Шылым шегетіндер басқаларға қарағанда 4 есе жүрек ауруына көп ұшырайды

Бедеулік. Жұбайлардың біреуінің ғана темекі тартуы бедеулік қаупін 3 есе арттырады.

Гангрена. Өкпе қызметін дұрыс атқара алмағандықтан, денеге оттегі аз таралады. Адамның денесі осы аз мөлшердегі оттегіні басқа ағзаларға таратуға мәжбүр. Сондықтан жүректен алыс орналасқан саусақтың ұшынан бастап жасушалар өле бастайды. Көбіне қол мен аяқтар гангренаға ұшырайды.

Бауырдың қабынуы. Бұл аурудың 80 пайызы темекі шегудің әсерінен туындайды.

Кеңірдектегі қатерлі ісік. Күніне 25 дана темекі тартсаңыз, кеңірдекте қатерлі ісіктің (рак) пайда болуының ықтималы 30 есе көбейеді. Бұл алдымен сөйлеуге қиындық туғыза бастайды да, соңында толық сөйлей алмайтын жағдайға дейін апарады.

Ерте босану және баланың салмағының аз болуы. Күніне ең кемі 5 дана темекі тартатын жүкті әйелдің ерте босану немесе мүгедек бала туу қаупі өте жоғары.

Ауызда қатерлі ісіктің пайда болуы. Ауызда қатерлі ісіктің пайда болу жағдайларының барлығына темекі себепші.



Р
К
Е
Н

№ 9-10 (867) шілде-тамыз 2011 жыл

7



Р
К
Е
Н

№ 9-10 (867) шілде-тамыз 2011 жыл

8

Жақында Президентіміз келесі жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы бойынша өзге елдерде бакалавр және магистратура дәрежесі бойынша оқытуды тоқтату керек деді. Расындада, миллиондаған қаражатты жұмсап, шетелде маман дайындағанша, өзімізде неге оқытпаймыз? Ендігі жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелде тек қана тәжірибелі мамандар ғана білімін жетілдірмек. Атап айтқанда, практикалық жұмыстар мен тағлымдамадан өту және докторантурада ғана оқу жүргізілмек. Ал өз беттеріңізбен шетелде бакалаврды оқуға бара қалсаңыздар, керек болып қалар деген оймен, шетелде оқудың жолдары туралы аз-кем ақпарат бергенді жөн көрдік.

ШЕТЕЛДЕ ОҚЫҒЫН КЕЛЕ МЕ

Варшаваға шеттен білім іздеп барғандар көбіне-көп 1997 жылы құрылған «Collegium Civitas» университетін, оның ішінде, әлеуметтану, халықаралық қатынастар, саясаттану мамандықтарын таңдайды екен. Сондықтан аталған университет соңғы жылдары үздік гуманитарлы оқу орындарының қатарынан түспей келе жатқан көрінеді. Сіз оқуға барған университет бір жылдан соң 40 мемлекетте оқуға мүмкіндік береді. Атап айтатын болсақ, Бельгия, Дания, Франция, Испания, Голландия, Ирландия, Мальта, Германия, Норвегия, Швеция, Англия, Италия, Канада, Швейцария, АҚШ және Оңтүстік Кореяда білімніңді ұштастыра аласыз. Оқуды аяқтағаннан кейін «Collegium Civitas» университетінің халықаралық бакалавр дипломын береді. Польша-Еуропа елдерінің ішіндегі оқу бағасы арзан ел. Бағасы 3 мыңнан 5 мың еуроға дейін. Бакалаврды 3 жылда 6 семестр оқытады. Сабақ ағылшын тілінде жүреді. Студенттің оқу үлгерімі еуропалық жүйе бойынша баллмен (ECTS) есептеледі. Ағылшын, поляк, неміс, француз, испан тілдерін (таңдауыңызға да байланысты) жетік меңгеруге де болады.

Малайзия мемлекеті де білім іздегендерге таптырмайтын ел. 12-18 ай ағылшынша тіл сындырасыз. Бағасы 7 мыңнан 10 мың еуроға дейін. Ал жүріп-тұруыңызға, жатын орныңызға, киген киім, ішкен тамағыңызға айына орта есеппен 500 еуро жұмсайсыз. Қысқасын айтқанда, 25 мың еуроға оқып қайтасыз. Малайзияда Білім министрлігіне қарасты: бакалавр, магистр және доктор дәрежесін беретін 16 мемлекеттік университет пен 1 халықаралық университет жұмыс істейді екен. Бакалавриат бағдарламасы бойынша өтінішті Жоғары білім беру департаментіне береді. Ал жекеменшік жоғары оқу орындары бакалавриатпен қоса магистр, доктор дәрежесін де береді. Жекеменшік оқу орнында алатын білімнің сапасына Ұлттық Аккредиттеу Комитеті (НАК) жауапты. Мамандықтары бизнес, инженерлік ғылымдар, IT – ден басталып, медицина және тіл саласындағы оқу бағдарламаларын да қамтиды.

Ал оқудың бағасы ең қымбат ел **Ұлыбритания** (Англия, Шотландия, Солтүстік Ирландия) екені өздеріңізге де белгілі. Ағылшынша білудің «Foundation IELTS 5.5-6.5» дәрежесі болмаса сол жақта 1000, 1500 еуроға тіл үйренесіз. Ұлыбританияда оқимын десеңіз бағдарламалар көп. Грантын да жеңіп алуға болады. Тек білімге деген ынта-жігеріңіз берік болса болды. Әр оқу орнының өзіндік ережесі мен ерекшелігі бар. Шотландиялық университеттердің көбі гуманитарлық ғылымдарды игерген. Оның өзінде бакалавр дәрежесін бермейді, тек қана магистрді оқытады. Ал Оксфорд және Кембридж университеттері көбіне гуманитарлы және жаратылыстану ғылымдарынан білім береді. Оксфордта жаратылыстану ғылымы жоғарғы ғылыми дәреже болса, Кембридж университетінде аталған

ғылым жоқтың қасы. Бакалаврды 3-4 жыл (Англия және Уэльс немесе Шотландияда) оқисыз. Ол жақта дизайнерлік білім алғыңыз келсе алдымен дайындық курсынан өтіп барып, 3 жылдық арнайы оқуын оқисыз. Медициналық білім алу үшін, оның ішінде тіс дәрігерлігін оқу үшін, сосын архитектураны игеру үшін 7 жыл уақытыңыз кетеді. Ұлыбританиядағы оқу орындарына тапсыру үшін, ең алдымен Британдық кеңестің келісімімен «A-levels» емтиханын тапсыру керек. Осы емтиханды тапсырғаны туралы куәлік, ең төмен балы «C»-ны көрсететін 4 емтихан (GCSE) тағы тапсыру қажет.

Канада шетелден келген білім іздеушілерге ұзақ уақыт бойынша оқуға да, оқи жүріп жұмыс істеуге де мүмкіндік береді. Еуропаның басқа елдеріне қарағанда Канадада оқу бағасы 35-40 пайыз, Ұлыбританиядан екі есе арзан екен. Канадада өмір сүру АҚШ-тан 25-30 пайыз арзанға түседі. Ол жерде француз тілі ағылшын тілі мен қатар қолданылады. Бірақ шеттен барған талапкерлерге университеттен гөрі колледждерге түсу анағұрлым оңай екен. Біріншіден, тіл білудің талабы аса жоғары емес, екіншіден, шеттен барғандар 10-15 адамдық аудиторияда оқып, толығымен қалыптасуға, бейімделуге өте жақсы.

Қаржылық, бизнес саласында білім алғысы келетіндер Нидерландының қаржылық орталығы **Амстердамда** білім алғаны жөн. Бакалаврда экономика және бизнес мамандығы бойынша 3 жыл оқытады. Студенттер пәтерде тұрады. Оқу бағасы 9 мың еуро, ай сайын жүріп-тұрғанға 450 еуро кетеді. Тіл білудің IELTS 6,5/ TOEFL 600 PBT/ TOEFL 100 iBT дәрежесі болуы шарт.

Германияда грантты жеңіп алу жергілікті талапкерлерге қиынның қиыны екен. Ал сырттан барғандар үшін қол жеткізбес арман. Грантты жеңіп алуға 35 шетелдікке үміт бар көрінеді. Студенттер үшін ең арзан баспана – жатақхана екенін жақсы білесіздер. Германиядағы оқу орындарында барлық студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету мүмкін емес. Ал пәтер мәселесі кәдімгідей ауыр. Сондықтан студенттердің көбі жұмыс істеуге мәжбүр. Сонымен қатар, Германияда студенттерге қаржылай көмек беріп отыратын көптеген қорлар бар. Ол – DAAD деп аталады. Өртүрлі қаржылық және діни құрылымдар. Шеттен барғандарды университетке түсуге арнайы дайындайтын колледждер бар. Алдымен тілдік талаптарды міндетті түрде орындаған дұрыс. DSH немесе TestDaF түріндегі емтихан тапсыру керек.

Италияда 47 мемлекеттік университет бар екен және 9 оқу орны жекеменшік болып саналғанмен мемлекеттік лицензиямен жұмыс істейді. Жоғары оқу орындары мемлекеттік және мемлекеттік емес болып екі секторға бөлінген. Мемлекеттік емес университеттер көбіне музыка, өнер жағына үйретеді. Олар Білім министрлігінің тікелей қарауында болады. Ал кәсіби білім беретін оқу орындары жергілікті басқару билігіне қарайды. Таңдаған мамандыққа орай 3 жылдан 6 жылға

Құттықтаймыз!!!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасының доценті **Зейнолла Жақсылықұлы Мүтиев**, «Тілдерді оқытудың практикалық курсы» кафедрасының доценті **Гүлнар Сидеғалиқызы Умарова** ҚР 10.01.00 әдебиеттану мамандығы бойынша Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 14.06.2011 жылғы №5 алқа шешімімен және «Экономикалық теория және бизнес» кафедрасының доценті **Лилия Игорьқызы Мерғалиева** 08.00.00 экономика мамандығы бойынша Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 30.06.2011 жылғы №6 алқа шешімімен доцент атағын иеленді.

Сіздерді ғылыми дәрежеңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, ғылыми-педагогикалық еңбектеріңізге бұдан әрі өрлеутілейміз!



М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректораты ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент **Альжанова Бағдагүл Сақтағанқызын** Ғылыми тағылымдамадан өтуге Қазақстан Республикасының халықаралық «Болашақ» бағдарламасының стипендиясын иеленуімен шын жүректен құттықтайды. Ғылым жолында шығармашылық табыстар тілейміз!



М.Өтемісов атындағы БҚМУ, ғылыми-зерттеу жұмыстары бөлімінің жетекшісі, физика магистрі **Жакиев Нұрхат Қуандықұлы** Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне 6D060400 – Физика мамандығы бойынша мемлекеттік тапсырыс негізіндегі мақсаттық орынға ие болды.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-ға басқа жоғары оқу орындарынан магистратура және докторантура мамандықтары бойынша мақсаттық орындар бөлінді. 6M030100 – Юриспруденция мамандығы бойынша Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы **Нұржанова Айнагүл Қанатқалиқызы**, 6M070300 – Ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде менеджмент және кәсіпкерлік кафедрасының оқытушысы **Рамазанова Валия Сапкирейқызы** мемлекеттік тапсырыс орындарына ие болды.

Университет оқытушыларын осы жетістіктерімен құттықтай отырып, шығармашылық табыстар тілейміз!

М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымы

дейін оқып, бітіргеннен кейін, бакалавр дәрежесімен деңгейлес Laurea дипломы беріледі. Келесі дәреже яғни магистратураны 3 жыл оқығаннан кейін Diploma universitario дипломы беріледі. Италияның мемлекеттік университеттерінде оқу тегін. Алайда, жылына 500-ден 4000 еуроға дейін жарна төлеп тұру міндетті. Ал мемлекеттік емес университеттерде оқу бағасы 6 мыңнан 12 мың еуроға дейін тұрады.

Ал Америка Құрама Штаттарында білім беретін қандай бағдарламалар бар? Бір ғана АҚШ-тың өзінде дайындығы жақсы, білімге құштар адамның білім алуына мүмкіндік беретін бірнеше бағдарлама бар. Бұл бағдарламаға іріктеу өте қатаң комиссияның қатысуымен, әділ түрде өтеді. АҚШ бағдарламалары өз саласында алғырлық көрсеткен, бакалаврдан жоғары білім алғысы келетін жастарға шәкіртақы төлейді. Бірақ, мектеп деңгейіндегі жастар FLEX (Болашақ лидерлермен алмасу) бағдарламасына қатыса алады. Үздік оқушылар осы бағдарлама аясында АҚШ-қа барып, ондағы бір отбасында тұрып, қатарластарымен танысып қайтады. Магистр дәрежесін алғысы келетіндерге арналған Эдмунд Маски бағдарламасы өте танымал. Екі жылға дейін АҚШ-та белгілі бір салада білім алып келуге мүмкіндік беретін бағдарламаға өтініш беретіндер өте көп. Сондықтан жүзден жүйріктердің жолы болады. Бұл – ақшасы жетпегендіктен, шетелде оқи алмай жүргендер үшін терең білім алуға деген үлкен мүмкіндік. Мәселен, Грузия президенті Михаил Саакашвили осы бағдарламаның түлегі екен. Ғылыммен айналысатындар Фулбрайт стипендиясына өтініш беріп, бақ сынай алады. Бұл бағдарлама АҚШ-та магистр не доктор дәрежесін алуға немесе ғылыми тәжірибеден өтіп келуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ағылшын тілі пәнінің оқытушыларына арналған бөлек стипендиясы бар. Кәсіби білігін арттырғысы келетіндерге Хамфри бағдарламасы бар. Бұл – диплом алмайтын, бірақ өз саласы бойынша білім беретін АҚШ-тың маңдайалды оқу орындарында тәжірибе жинап қайтуға мүмкіндік беретін стипендия. Білімге шын ден қойған адам АҚШ-

тағы жоғары оқу орнына өз бетімен түсіп-ақ, сол оқу орнының арнайы стипендиясына күн көре алады. Магистр, доктор дәрежесіне оқытатын білім ордаларының көпшілігі талантты, еңбекқор жас ғалымдарды іріктеп алады да, оқу ақысын, шәкіртақыны өз мойндарына алады. Бір қызығы, осылай оқып жатқандардың көпшілігі сырт елдерден барған студенттер. Өсіресе, қоғамдық ғылымдарда шетелдіктерді жақсы қабылдайды, себебі, олар ғылымға өз мәдениеттерін алып барады екен.

**Дайындаған
Елдана АСЫЛХАНҚЫЗЫ**

ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

**М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан мемлекеттік
университеті.**

Газет айына бір рет шығады.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11390-Г куәлігі берілген.

Индексі 090000
Таралымы 1000

РЕДАКТОР:
ШЫНТЕМІРОВА
Гүлсая Каримоллақызы

ТІЛШІ:
АСЫЛХАНОВА Елдана

КОРРЕКТОР:
БЕККУЖИЕВА Светлана
ОПРЯ Оксана Викторовна

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
АБДУЛЛИНА Асель

ФОТОСУРЕТШІ:
ХАЛЕЛОВ Рафхат

Газет БАҚ және баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Сарайшық көшесі, 34, тел.: 50-76-52
Біздің сайт: www.wksu.kz
e-mail: IC_SMI@wksu.kz



Вести с Ученого совета

29 августа 2011 г. состоялось первое в этом учебном году заседание Ученого совета с участием профессорско-преподавательского состава.

Ректор вуза Имангалиев Асхат Салимович поздравил коллектив университета с началом нового учебного года, пожелал дружной творческой работы, успешной реализации намеченных планов, новых успехов.

Традиционно перед рассмотрением повестки дня были отмечены достижения наших коллег:

- *Кубашев Темирболат Кубашевич* - ему было вручено Благодарственное письмо Министерства туризма и спорта;

- *Аманбаев Аскар Саинович, Дуйсенгалиева Мерзат Губайдолловна, Мукангалиева Жанар Кажмхамбетовна, Тастаева Жанна Кенесовна* – присвоена степень кандидата наук.

Асхат Салимович ознакомил коллектив университета с поставленными Министерством образования важными задачами, в частности, требованиями международной аккредитации по специальностям вуза, что предполагает академическую мобильность, разработку научных проектов, публикации ППС в зарубежных изданиях и т.д.

Особое внимание в этом году, по словам ректора, МОН РК уделено вопросам повышения статуса педагога и усилению воспитательной работы в учебных заведениях.

Что касается конкретно Западно-Казахстанского государственного университета, то здесь были обозначены следующие задачи: реализация дистанционного обучения; открытие новых актуальных специальностей (соответственно, отказ от невостребованных специальностей); увеличение набора студентов 1 курса до 2-2,5 тыс. человек; изыскание возможностей для социальной поддержки преподавателей и студентов, выделение ректорских грантов для отличников; активизация работы Попечительского совета и Ассоциации выпускников.

Свои пожелания Асхат Салимович резюмировал предложением: использовать огромный потенциал нашего коллектива - совместными усилиями добиться статуса университета как регионального инновационного образовательного научного центра.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

Жаңа стратегиялық талаптар және бағдарламалық құжаттар мен жоспарлар қарсаңында 2011-2020 жж. арналған білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының міндеттеріне сәйкес М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жаңа оқу жылына дайындығы туралы. **Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы** – **бірінші проректор**

1. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті РМҚК-ның құрылымын бекіту туралы. **Тасмағамбетов Әсет Сембайұлы** – **бірінші проректор**

2. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да 2011-2012 оқу жылының оқу құжаттарына енгізілген толықтырулар мен өзгерістерді бекіту туралы. **Бахышева Сәетлана Меңдіғалиқызы** - **ОІЖ проректор**

Ағымдағы мәселелер:

«Отбасы, мектеп, қоғам – игілікті болашақ үшін бірге» республикалық педагогикалық форумының резолюциясы. **Жүсіпқалиева Ғалия Қайдарқызы** - **инновациялық-білім беру бағдарлама-ларын дамыту бөлімінің жетекшісі**

Ресей ЖОО-ларына бюджеттік негізде оқуға түскен магистранттарға шәкіртақы тағайындау туралы. **Мұқанбетова Шынар Төлегенқызы** - **ЖОО кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі**.

I Республиканский педагогический форум «Семья, школа, общество — вместе во благо будущего!»

25 августа 2011г. в г. Астана при Министерстве образования и науки прошел I Республиканский педагогический форум. В работе форума принимали участие ректор ЗКГУ им.М.Утемисова д.п.н., академик А.С. Имангалиев и директор центра развития образовательных программ, аккредитации и методического обеспечения к.п.н., доцент Жусупкалиева Г.К.

Форум был нацелен на обеспечение обратной связи с педагогами, родителями, бизнесменами и представителями гражданского общества в сфере образования и расширения участия институтов гражданского общества в реализации Государственной программы развития образования на 2011-2020 годы.

В работе форума принимали участие делегаты из областей и г. Астана, Алматы, руководители государственных и негосударственных организаций образования, неправительственных и международных организаций, родительская общественность, члены попечительских советов школ республики. На форум приглашены представители Администрации Президента, Канцелярии Премьер-Министра и депутаты Парламента Республики Казахстан, руководители министерств и агентств Республики Казахстан, средств массовой информации.

С основным докладом на форуме выступил министр образования и науки Республики Казахстан Бақытжан Жумагулов. Он подробно рассказал о ходе реализации госпрограммы и тенденциях, которые происходят сегодня в образовании.

На секциях и семинаре-совещании обсуждены актуальные вопросы современного образования. Особое внимание уделено повышению имиджа педагога в обществе.

Вузы принимали участие в работе секции 4 «**Новые подходы к системе подготовки и профессионального развития педагогических кадров**».

Рекомендации:
Департаменту высшего и послевузовского образования:

- организовать работу по формированию, экспертизе и апробации образовательных программ педагогических специальностей, разработанных совместно с зарубежными вузами-партнерами в течение 2011-2012 уч.г.;

- координировать повышение квалификации ППС педагогических вузов по развитию полиязычного образования и использованию новых информационных технологий;

- рассмотреть возможность внесения дополнений в существующую Квалификационную характеристику педагогического работника по уровням образования и разработать предложения по созданию Национальной квалификационной рамки учителя с учетом содержания уровней и ступеней образования и предложенной структурой определения параметров компетентности учителя.

Высшим учебным заведениям, осуществляющим подготовку педагогических кадров:

- активизировать деятельность вузов по привлечению зарубежных стратегических вузов – партнеров по формированию

образовательных программ по педагогическим специальностям;

- включить в стратегический план развития вуза обязательное прохождение международной специализированной аккредитации образовательных программ по педагогическим специальностям;

- протестировать вопрос создания комплексов «педагогический вуз – инновационная школа»;

- обеспечить прохождение ППС курсов повышения квалификации в соответствии с новым форматом: с привлечением зарубежных партнеров, в рамках реализации полиязычного образования, с использованием новых ИТ.

Участники I Республиканского педагогического форума приняли Обращение к Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву, в котором заверили Главу государства, что приложат максимум усилий, знаний и опыта для достижения поступательного и динамичного развития сферы образования. Участники форума приняли также обращение и к общественности страны, где сказано о создании общественного объединения – «Вместе во благо будущего». Это движение станет общенациональным и объединит семью, школу и общество. Также по итогам совещания принята резолюция форума.

В рамках форума организована выставка «Регионы. Инновации. Конкурентное образование».

Салтанатты шеру




Ғылым бағытындағы ақпарат

2011-2012 оқу жылындағы негізгі міндеттердің бірі - университеттегі ғылыми жұмыстар мен халықаралық байланыстарды жаңа талапқа сай дамыту екендігі түсінікті. Бұл бағыттағы жаңа талаптар тікелей 2011 жылы ғылым бағытындағы қабылданған «Ғылым туралы» заң және ҚР-ның үкіметінің қаулылары, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтарына байланысты. Алдымен 2011 жылы 18 ақпанда қабылданған «Ғылым туралы» заң ғылымдары жаңа өзгерістерге жол ашты. Қабылданған заңмен еліміздегі ғылымды қаржыландыру, ғылымға жаңа маман кадрлар дайындау мәселелері түпкілікті өзгерді. Заң аясында ҚР Үкіметі екі қаулы қабылдады.

2011 жылы 25 мамырдағы № 575 қаулымен «Ғылыми және ғылыми техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық – нысаналы қаржыландыру қағидасы» бекітілді. Ол бойынша университетіміз, ғалымдарымыз гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға қатыса алады. 2011 жылы шілде айының аяғында Ғылым комитеті 2011-2013 жылдарға арналған республикалық бюджетте қарастырылған қаржы шегіндегі ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсты жариялады. Яғни, оқу орнымыз жаңа оқу жылында бұл бағыттағы жұмыстарын сәтті бастады дей аламыз.

2011 жылы 8 маусымдағы № 645 қаулымен «Ғылыми және ғылыми техникалық қызмет субъектілерін бекіту туралы қағидасы» бекітілді. Қаулы бойынша ендігі жағдайда ғылымдағы қаржыландыруға тек қана арнайы аккредиттелген заңды тұлғалар мен жеке ғалымдар қатыса алады. Қаулыға сәйкес

университетіміз және ғылым докторлары Д.К. Мендалиева, Ә.М. Мұханбетжанова, С.М. Бахышева, Т.Е. Дәрбаева, Ә.Қ. Мұқтар, Ә.С. Тасмағамбетов, Л.И. Мерғалиева, ғылым кандидаттары З.Х. Қунашева, Г.С. Қайсағалиева, А.А. Кулжумиевалардың құжаттары дайындалып, Білім және ғылым министрлігінің бақылау комитетіне жіберілген



еді. Бүгінде бақылау комитетінің толық қолдауымен университетіміз бен ғалым оқытушыларымыз - аккредиттелген заңды тұлға, ғалым ретінде танылды. Ендігі мақсат ғалымдарымыздың өз ізденістерін жалғастыру. Сонымен бірге бұл орайда өткен жылдарда толық жүзеге аспай келе жатқан тұсымыз, ғылыми

ізденістерімізді коммерциаландыру. Жаңа оқу жылында осы мәселе басты назарда ұсталуы тиіс.

Міне жаңа заң мен қаулыларға сәйкес **Білім және ғылым министрлігі ЖОО-ларға тікелей қатысты төмендегідей бұйрықтар қабылдады:**

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы «ҚР БЖҒ министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы»;

- Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы «ҚР БЖҒ министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығы»;

- Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы «ҚР БЖҒ министрлігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 бұйрығы».

Аталған бұйрықтар барлық кафедраларға, деканаттарға жеткізілді. Яғни, жаңа оқу жылында олар бойынша жұмыс жаңа сатыға көтеріледі. Оқу орнымыздағы тікелей осы бөлімге қатысты – халықаралық байланыс, академиялық ұтқырлық, бірлескен оқу бағдарламаларын жалғастыру, жаңаларын ашу, т.б. 2010-2011 оқу жылындағы табыстарымызды жалғастырады деген сенімдемін. Жаңа оқу жылы қарсаңында 6 оқытушымыз – Ресейдегі РУДН-ға, 1 оқытушымыз Новосибирскідегі математика институтына, 2 оқытушымыз Қарағанды мемлекеттік университетіне университет атынан оқуға түсті. Ал университетіміздегі ғылыми жұмыстар бөлімінің басшысы магистр Н.Қ. Жақиев өз талабымен Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне докторант атанды.

Шынар Төлегенова,
ЖОО кейінгі дайындық бөлімі жетекшісі

Археологические находки

Согласно договора между Западно-Казахстанским центром истории и археологии и Западно-Казахстанским государственным университетом им. М.Утемисова с 13 по 25 июня была проведена совместная археологическая экспедиция в Володарку II (памятники). В данной экспедиции приняли участие сотрудники Западно-Казахстанского центра истории и археологии, в частности, Мерғалиев Р.С., Утепбаев У.А., Дияров Т.А., а также студенты первого курса специальности «история» под руководством Клышева Е.Е., которые одновременно проходили археологическую практику, тем самым закрепляя полученные теоретические знания. Целью данной экспедиции было исследование двух курганов, предположительно относящихся к VI-V векам д.н.э. (курганы под нумерацией №2 и №3) и принадлежащих савромато-сарматским племенам. За первую неделю археологических раскопок была вскрыта надмогильная земляная насыпь, в которой были обнаружены многочисленные фрагменты костей животных, принесенных в жертву усопшим и там же погребенных (курганы



№2, №3), а также керамический сосуд плохой сохранности, с геометрическим орнаментом в виде треугольных линий на горлышке (курган №2). По окончании вскрытия земляной насыпи была проведена общая зачистка площади курганов, в результате которой были обнаружены и четко зафиксированы границы могильных пятен.


В ходе второй недели археологических раскопок сотрудники Западно-Казахстанского центра истории и археологии, а также студенты первого курса специальности «история» Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова приступили к вскрытию ранее обнаруженных могильных пятен. В кургане №2 могильная яма составляла глубину чуть более одного метра, что соответствовало небольшим границам могильного пятна. В данной могильной яме был обнаружен костяк человека, с явными признаками более раннего проникновения в данное погребение, чему соответствует разброс костяка погребенного.

В могильной яме кургана №3 находки были представлены более широко. Здесь были обнаружены фрагменты бронзового зеркала, бусы, изготовленные из агата и костей животных, фрагменты бронзового котла, а также череп ребенка.

В результате проведения нашей археологической экспедиции студентами был получен очень богатый опыт и понимание того, что многое в нашей древней истории требует дальнейшего планомерного изучения.

Ерлан Клышев,
магистр истории

Утверждена структура РГКП «Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова»



Р
К
€
Н

Оқу залдары жас оқырмандарын күтуде

Университеттің оқытушы-профессорлар құрамы білім саласының нарықтық экономика шарттарына сай әрдайым өзгеріп тұратын жағдайларды құзыреттілік тұрғыда шешіп, мемлекеттік инновациялық бағдарламалар негізінде берілген тапсырмаларға бағыттап мамандарға білім беруде. Осы тұрғыда университетке үлкен қолдау көрсететін ғылыми кітапхана.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ғылыми кітапханасында 1 млн. дана кітап қоры бар. 9 оқу залы, 3 абонемент жылына 30 мыңға жуық пайдаланушыларға қызмет көрсетеді.

Бүгінде ЖОО кітапханаларының орны кітапхана қорының көлемі мен жазылған баспасөз басылымдарының санының статистикалық көрсеткіштеріне ғана емес, сондай-ақ ақпарат беру деңгейіне көп мағына береді.

Ғылыми кітапхана үш бөлімнен тұрады:

1. Кітаптарды жинақтау және толықтыру бөлімі
2. Ақпараттық технология және библиография бөлімі
3. Оқырмандар сұранысын қамту бөлімі

1. Кітаптарды жинақтау және толықтыру бөлімі

- Кітап сақтау секторы (1 оқу ғимараты, №116 бөлме)
- Сирек кітаптар мұражайы (1 оқу ғимараты, №117 бөлме)

2. Ақпараттық технология және библиография бөлімі:

- Ақпараттық технология және библиография (1 оқу ғимараты, №102 бөлме);
- Электронды оқу залы (1 оқу ғимараты, №102 бөлме);
- Электронды ресурстар секторы;
- Халықаралық кітап алмасу секторы;
- ЖОО, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары кітапханаларына әдістемелік орталық
3. Оқырмандар сұранысын қамту бөлімінде 9 оқу залы, 3 абонемент пайдаланушыларға қызмет көрсетеді:

Абонементтер

- Оқулық әдебиеттер абонементі - (1 оқу ғимараты, №114)
- Ғылыми әдебиеттер абонементі - (1 оқу ғимараты, №113)
- Көркем әдебиеттер абонементі - (7 оқу ғимараты, №107)



Оқырмандарға қызмет көрсету оқу залдары

- №1 Гуманитарлық ғылымдар оқу залы (1 оқу ғимараты, №118 бөлме)
- №2 Жаратылыстану ғылымдары оқу залы (1 оқу ғим., №218 бөлме)
- №3 Тарих ғылымдары оқу залы (3 оқу ғимараты, №207)
- №4 Мәдениет және қолданбалы өнер оқу залы (8 оқу ғимараты)
- №5 Экономикалық ғылымдар оқу залы (2 оқу ғимараты, №309 бөлме) –
- №6 Ғалымдар залы - (1 оқу ғимараты, №217 бөлме)
- №7 Жаратылыстану-география бөлімі оқу залы (5 оқу ғимараты, №20)

№8 Музыкалық өнер бөлімі оқу залы (4 оқу ғимараты, №205 бөлме)

№9 Электронды оқу залы (1 оқу ғимараты, №102 бөлме)

Кітапханадағы ақпараттық қызмет көрсетудің негізгі бағыты:

кітапхана оқырмандарына қызмет көрсету;
интернет-қызметтерін көрсету;
мультимедиялық басылымдардың электронды базасы-мен жұмыстану;
оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік және анықтамалық ақпараттардың электронды жинағын беру;
жоғары білімнің өзекті мәселелері бойынша «Білім және Ғылым» мәліметтер базасын жұмыстану;
сирек кездесетін әдебиеттердің электронды нұсқасын көрсету;
өз электронды ресурстарын құру;
электронды каталогты насихаттау;
электронды оқу залы;
виртуальды кітап көрмесі;
www.library.kz - веб-беттеріне БҚМУ Ғылыми кітапханасын енгізу;
БҚМУ Хабаршысы электронды нұсқасы;
БҚМУ электронды оқулықтары;
оқыту бағдарламалары;
видео-аудио материалдары.

Ғылыми, арнайы оқу залдарында, абонементтерде, электронды оқу залында аспиранттарға, магистранттарға, оқытушы-профессор қауымына, студенттер мен университет мамандарына қызмет көрсетудің қолайлы жағдайлары жасалған. Біз өз оқырмандарымызды асыға күтеміз.

Ғылыми кітапхана

№ 9-10 (867) шілде-тамыз 2011 жыл